

"Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде ұсынылатын медициналық қызметтерге арналған тарифтерді қалыптастыру әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 26 қарашадағы № 801 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 7 ақпандағы № 52 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 14 ақпанда № 16356 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 21 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-309/2020 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.12.2020 № ҚР ДСМ-309/2020 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2009 жылғы 18 қыркүйектегі "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің 23-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде ұсынылатын медициналық қызметтерге арналған тарифтерді қалыптастыру әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 26 қарашадағы № 801 бұйрығына (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5946 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдар актілерінің жинағында 2010 жылғы № 7 жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге арналған тарифтерді қалыптастыру қағидаларын және Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге арналған тарифтерді қалыптастыру әдістемесін бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге арналған тарифтерді қалыптастыру қағидалары;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге арналған тарифтерді қалыптастыру әдістемесі бекітілсін.";

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге арналған тарифтерді қалыптастыру қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге арналған тарифтерді қалыптастыру әдістемесі осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қаржы департаменті осы бұйрықты облыстардың, Астана және Алматы қалаларының Денсаулық сақтау басқармаларына, "Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры" коммерциялық емес акционерлік қоғамына, "Республикалық электрондық денсаулық сақтау орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына және "Денсаулық сақтауды дамыту республикалық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ақпарат және жұмыста басшылыққа алу үшін жіберсін.

3. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды үйлестіру департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қағаз және электрондық түрдегі қазақ және орыс тілдеріндегі көшірмесін ресми жариялау және Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарына ресми жариялауға жіберуді;

4) осы бұйрық ресми жариялағаннан кейін Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

5) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің жауапты хатшысы Б.Т. Төкежановқа жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі*

Е. Біртанов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің төрағасы

Н. Айдапкелов

2018 жылғы 8 ақпан

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2018 жылғы 7 ақпандағы
№ 52 бұйрығына
1-қосымша

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 23-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ақпараттық жүйе – ақпараттық өзара іс-қимыл арқылы белгілі бір технологиялық әрекеттерді іске асыратын және нақты функционалдық міндеттерді шешуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың, қызмет көрсетуші персоналдың және техникалық құжаттаманың ұйымдастырылып ретке келтірілген жиынтығы;

2) әкімшілік деректер – алғашқы статистикалық деректерді қоспағанда, әкімшілік дереккөздер қалыптастыратын жеке немесе заңды тұлға жөніндегі жеке-дара сандық және (немесе) сапалық деректер және шаруашылық бойынша есепке алу деректері;

3) әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (бұдан әрі – қор) – аударымдар мен жарналарды шоғырландыруды жүргізетін, сондай-ақ медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін медициналық көрсетілетін қызметтерді сатып алу шартында көзделген көлемдерде және талаптармен сатып алу мен оларға ақы төлеуді және Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған өзге де функцияларды жүзеге асыратын коммерциялық емес ұйым;

4) денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – азаматтардың денсаулығын қорғау, медициналық және фармацевтикалық ғылым, медициналық және фармацевтикалық білім беру, дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы, медициналық қызметтер көрсету сапасын бақылау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

5) денсаулық сақтау субъектілері – денсаулық сақтау ұйымдары, сондай-ақ жекеше медициналық практикамен және фармацевтикалық қызметпен айналысатын жеке тұлғалар;

6) емделіп шығу – пациентке стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын шарттарда емдеуге жатқызылған сәттен бастап жазылып шыққанға дейін көрсетілген медициналық қызметтер кешені;

7) жұмыс органы – уәкілетті орган қызметін қамтамасыз ету үшін тарифтерді қалыптастыру мәселелері бойынша ақпаратты жинауға, өңдеуге, сақтауға, сараптауға және ұсынуға жауапты заңды тұлға;

8) клиникалық-шығынды топтар (бұдан әрі – КШТ) – емдеу шығындары бойынша ұқсас клиникалық біртекті аурулардың топтары;

9) медициналық-экономикалық тариф (бұдан әрі – МЭТ) – тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде онкологиялық аурулары бар он сегіз жасқа дейінгі балаларға стационарлық және (немесе) стационарды

алмастыратын медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілеріне төлеу үшін клиникалық хаттамалардың негізінде қалыптастырылатын бір емделіп шығу жағдайы үшін орташа құн;

10) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (бұдан әрі – МӘМС) – қордың активтері есебінен медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынушыларға медициналық көмек көрсету жөніндегі құқықтық, экономикалық және ұйымдастырушылық шаралар кешені;

11) референтті субъект – тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде және МӘМС жүйесінде тарифтерді әзірлеу және қайта қарау үшін ақпарат ұсынатын денсаулық сақтау субъектісі;

12) стационарлы науқастың медициналық картасы – "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6697 болып тіркелген) бекітілген құжат және стационарда медициналық көмек көрсетудің сапасы мен көлемі, науқастың денсаулық жағдайы, сипатын көрсететін жазбалар жасауға арналған;

13) тариф – тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде және (немесе) міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде қызмет бірлігінің немесе медициналық қызметтер кешенінің есеп айырысу құны;

14) тарификатор – Кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен медициналық қызметтерге арналған тарифтердің тізбесі;

15) тарифтерді қалыптастыру – тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге (медициналық қызмет көрсету кешені) жаңа тарифтерді әзірлеу және бекіту, қолданыстағы тарифтерді қайта қарау және бекіту процесі;

16) тарифті қайта қарау – тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде және МӘМС жүйесінде медициналық қызметтерді көрсету бойынша міндеттемелерімен МӘМС табыс жүйесі мен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі бюджетінің тепе-теңдігін қамтамасыз ету үшін жаңа тарифтерді әзірлеу және бекіту, қолданыстағы тарифтерді қайта қарау мен бекіту процесіндегі уәкілетті органмен жүзеге асырылатын тариф өлшемінің жоғарылауы немесе төмендеуі;

17) тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) – Кодекстің 34-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының азаматтарына, оралмандарға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын шетелдіктерге және азаматтығы

жоқ адамдарға Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тізбе бойынша бюджет қаражаты есебінен берілетін медициналық көмектің көлемі;

18) төсек-күн тарифі – науқастың стационар жағдайында өткізген бір күні үшін ақы төлеуге арналған тариф;

19) электрондық денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті субъект –денсаулық сақтау жүйесінің ақпараттық инфрақұрылымын (электрондық денсаулық сақтау) және медициналық статистиканы жетілдіру бөлігінде құқықтық қатынастарға түсетін және қызметті жүзеге асыратын қолданыстағы заңнамаға сәйкес анықталатын ұйым (бұдан әрі – ақпараттандыру субъектісі).

3. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тариф қалыптастыру процесі келесі қағидаттарға негізделеді:

1) медициналық көмектің қолжетімділік қағидаты – тарифтерді қалыптастыру , сондай-ақ оларды жетілдіру ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін медициналық көмекке халықтың қолжетімділігін төмендетуге алып келмеуі қажет;

2) ашықтық қағидаты – заңмен қорғалатын мемлекеттік немесе басқа да құпияларды қоспағанда тарифтерді қалыптастыру процесінің басты кезеңдері нәтижелерін міндетті түрде жариялау, сонымен қатар тариф қалыптастыру процесінің қоғам үшін ашықтығын қамтамасыз ету;

3) нәтижелілік қағидаты – Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесін дамытудың стратегиялық мақсаттарын, бағыттарын және міндеттеріне қол жеткізуге бағытталған медициналық көмек нысандары, түрі және бейіндері бойынша тарифтерді қалыптастыру;

4) шынайылық қағидаты – тарифтер өлшемдерінің бюджетпен бекітілген (нақтыланған, түзетілген) көрсеткіштерімен және қор активтерінің өлшемдерімен сай болуы;

5) бірізділік қағидаты – тарифтерді қалыптастыру процесіне қатысатын барлық тұлғалардың бұдан бұрын қабылданған шешімдерді ұстануы;

6) дәлелділік қағидаты – жаңа тарифтерді қалыптастыру және (немесе) қолданыстағы тарифтерді жетілдіру қажеттігін анықтайтын нормативтік құқықтық актілер және басқа да құжаттар негізінде тарифтерді қалыптастыру, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес қор активтері мен бюджет қаражатын пайдалану;

7) жүйелілік қағидаты – тарифтерді жоспарлы түрде қайта қарау тұрақты жүргізіліп отырады, бірақ жылына бір реттен көп емес.

2-тарау. ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру тәртібі

4. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру мынадай тәртіпте анықталады:

1) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге (медициналық қызметтер кешеніне) арналған тарифтерді қалыптастыру бойынша жұмыс жоспарын (бұдан әрі – жоспар) бекіту ;

2) референтті субъектілерді жұмыс органымен іріктеу және референтті субъектілердің тізімін уәкілетті органмен бекіту (денсаулық сақтау субъектісінің бастамасы бойынша тарифтерді есептеу және модельдеу жағдайларын қоспағанда);

3) тарифті есептеу үшін қаржы-экономикалық, статистикалық және клиникалық ақпараттарды жинақтау;

4) жоспар негізінде немесе денсаулық сақтау субъектісінің бастамасы бойынша тарифтерді есептеу және модельдеу;

5) тариф өлшемдерін қарау, келісу және бекіту;

6) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге (медициналық қызметтер кешеніне) тарифтерді қолдану мониторингі (бұдан әрі – мониторинг).

5. Жоспар жобасын жыл сайын алдағы жоспарланған жылға 1 және 30 қазан аралығында мыналарды ескере отырып жұмыс органы әзірлейді және уәкілетті орган бекітеді:

1) Қазақстан Республикасы мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарына сәйкес денсаулық сақтау саласындағы басымдықтар;

2) Қазақстан Республикасында диагностика, емдеу және медициналық оңалтудың жаңа әдістерін енгізу;

3) медициналық ұйымдардың негізделген ұсыныстары;

4) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық қызметтерді көрсету бойынша міндеттермен ТМККК бюджеті мен МӘМС жүйесінің табыстарын реттеу.

Жоспар жобасын әзірлеу жана тарифтерді енгізу және қолданыстағы тарифтерді қайта қарау бойынша шараларды анықтау медициналық көмек нысандары бөлінісінде жүзеге асырылады.

6. Жоспар уәкілетті органның ресми интернет-ресурсында және қордың корпоративті сайтында орналастырылады.

7. Бекітілген жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу жарты жылда бір рет келесі жағдайларда жүргізіледі:

1) денсаулық сақтау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері мен Қазақстан Республикасының мемлекеттік жоспарлау жүйесінің жаңа құжаттарын қабылдауы;

2) денсаулық сақтау саласындағы медициналық қызмет көрсету стандарттарының жетілдірілуі;

3) Қазақстан Республикасында диагностика, емдеу және медициналық оңалтудың жаңа әдістерін енгізу.

8. Референтті субъектілерді іріктеуді жұмыс органы медициналық көмектің нысандары мен бейіндерін ескере отырып мына өлшемшарттар негізінде жүзеге асырады:

1) денсаулық сақтау субъектілерінің іріктеу мерзімінің алдындағы үш жылдан кем емес кезең ішінде тарифтерді әзірлеу және (немесе) қайта қарау жоспарланған ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық қызметтерді көрсету;

2) "Денсаулық сақтау саласындағы аккредиттеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 10 наурыздағы № 127 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10735 болып тіркелген) бекітілген қосымшаға сәйкес нысан бойынша аккредиттеу туралы қолданыстағы куәліктің болуы;

3) әртүрлі үш облыстан (республикалық маңызы бар қала) бір бірден денсаулық сақтау субъектілерінің кемінде үшеуін таңдау арқылы аумақтық репрезентативтілік;

4) медициналық көмек көрсетумен байланысты субъект шығынының дараланған тіркеуін жүргізуге мүмкіндік беретін медициналық ақпараттық жүйелердің болуы;

5) тарифтерді әзірлеу және қайта қарау жоспарланған медициналық қызметтердің меншікті салмағы көпбейінді денсаулық сақтау ұйымдары үшін он пайыздан, ал мамандандырылған денсаулық сақтау ұйымдары үшін елу пайыздан кем болмауы.

9. Жұмыс органы референтті субъектілер тізімін қалыптастырады және уәкілетті органға он бес жұмыс күні ішінде келісуге жібереді.

10. Референтті субъектілер тізімін уәкілетті орган келген күннен бастап, бес жұмыс күні ішінде қарап, бекітеді.

11. Жұмыс органы референтті субъектілер бекітілгеннен кейін үш жұмыс күні ішінде бұл туралы референтті субъектілерге ерікті нысанда хабарлайды.

12. Референтті субъектілер хабарламаны алғаннан кейінгі он жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 11-тармағында қарастырылған құжаттармен (келісімдер, есеп фактуралар, қаржы құжаттары, ішкі құжаттармен) негізделген жұмыс органының сұранысы бойынша оларға қаржы-экономикалық және клиникалық ақпараттармен қамтамасыз етеді:

КШТ әзірлеу және (немесе) қайта қарау үшін:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес "1 емделіп шығу жағдайына арналған тікелей нақты шығындар бойынша ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан;

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Денсаулық сақтау субъектісінің ауданы" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан;

3) объектінің техникалық паспортының көшірмесі;

4) штаттық кестенің көшірмесі;

5) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төсек қоры туралы ақпарат;

6) осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды (оның ішінде реагенттерді) қолдану туралы ақпарат;

7) осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өткізілген консультативтік-диагностикалық қызметтердің саны туралы ақпарат;

8) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасалған хирургиялық операциялар туралы ақпарат;

9) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша анестезиология, реанимотология және қарқынды терапия бөлімшесіне түскен пациенттердің саны туралы ақпарат;

10) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес "Нақты бос емес ставкалар туралы ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан;

11) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша персоналға жұмсалатын шығыстар туралы ақпарат;

12) осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес "Персоналға қатысы жоқ шығыстар туралы ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан.

Емханадан шығарылған науқастардың стационарлық науқастың медициналық картасын жинақтау осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес емханадан шығарылған стационарлық науқастың медициналық картасының көшірмесін іріктеу формуласы бойынша уәкілетті органмен келісім бойынша жұмыс органы жүзеге асырады;

тарификаторды әзірлеу және (немесе) қайта қарау үшін:

1) осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша медициналық қызметтер құнын есептеу;

2) осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес "Үстеме шығындарды есептеу үшін денсаулық сақтау субъекті шығыстарының құрылымы" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан;

МЭТ әзірлеу және (немесе) жетілдіру үшін:

1) осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес "Бір емделіп шыққан жағдайға арналған МЭТ есебі" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан;

2) осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес "Медициналық персоналдың жалақысы бойынша шығындар есебі" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан;

3) осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес "Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарға шығындар есебі" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан;

4) осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес "Пациенттерді тамақтандыруға жұмсалатын шығындар есебі" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан;

5) осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес "Медициналық қызметтерге жұмсалатын шығындар есебі" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан;

6) осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес "Үстеме шығындарды есептеу үшін денсаулық сақтау субъекті шығыстарының құрылымы" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан;

бір төсек-күн үшін тарифті әзірлеу және қайта қарау үшін:

осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кезекті жоспарлы кезеңге арналған қаржыландыру көлемі және төсек-күн бойынша ақпарат;

санитариялық авиацияның көліктік қызметтеріне арналған тарифті әзірлеу және қайта қарау үшін:

авиациялық көлік қызметін көрсететін қызмет көрсетушілердің баға ұсыныстары (3 баға ұсынысынан кем емес).

13. Басқа тариф түрлерін әзірлеу, қайта қарау жағдайында жұмыс органы референтті субъектілерден уәкілетті органдармен алдын ала келісілген нысандар бойынша қаржы-экономикалық, статистикалық және клиникалық ақпаратты сұратады.

14. Негізгі құралдарды жаңартуға арналған шығындарды қосатын тарифтерді әзірлеу, қайта қарау тек қана Жоспарға сәйкес жұмыс органы Кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес ТМККК шеңберінде және МӘМС жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру әдістемесінің (бұдан әрі – Әдістеме) талаптарына сәйкес жүзеге асырады.

15. Ақпараттандыру субъектісі жұмыс органына жауапты тұлғаның деректері мен қолданылудың қажет мерзімі көрсетілген ресми сұрау ұсынғаннан кейін электрондық ақпараттық ресурстар мен денсаулық сақтау саласының ақпараттық жүйелеріне қол жеткізу мүмкіндігін береді. Жұмыс органы ұсынылған қол

жеткізуді жеке тұлғалардың (пациенттердің) дербес деректерін қорғауды қамтамасыз ететін Кодекстің 28-бабының талаптарына сәйкес пайдаланады.

16. Осы Қағидалардың 12 және 13-тармақтарында көрсетілгендей референтті субъектісі қаржы-экономикалық, статистикалық және клиникалық ақпаратты қалыптастырған кезде қызметтер көрсетуге қатысы жоқ шығыстар ескерілмейді, оның ішінде:

- 1) ластаушы заттардың әдеттен тыс тасталуы үшін төлемдер;
- 2) үмітсіз қарыздар;
- 3) айыппұлдар, өсімдер, тұрақсыздық және шаруашылық келісім шарттарын бұзғаны үшін басқа да санкциялар түрі, сонымен қатар регресс тәртібіндегі соттық шешімдер;
- 4) кірісті жасыруға (төмендетуге) байланысты айыппұлдар мен өсімдер;
- 5) ұрлыққа байланысты шығындар;
- 6) медициналық көмек көрсетуге қатыспаған активтерді, оның ішінде тұрып қалған медициналық жабдықтарды ұстауға;
- 7) тиісті бейін бойынша медициналық көмек көрсету процесімен байланысы жоқ объектілерді ұстау;
- 8) мәдени танымдық, спорттық іс шараларды өткізуге;
- 9) демеушілік көмек көрсетуге;
- 10) субъект қызметкерлеріне арналған жатақхана мен қонақ үй, тұрғын ғимараттар мен құрылымдар, пәтерлер, жалдау мен ұстауға;
- 11) қызметшілерге сыйақы түрінде берілетін мерейтойлық сыйлықтар алуға;
- 12) нормадан тыс техникалық және коммерциялық шығындар, тауарлық материалдық құндылықтардың жетіспеушілігі мен бұзылуы, қоймадағы артық заттар мен өндірістік емес шығындарға;
- 13) ғылым және өнер қызметкерлерімен өткізетін курстар, семинарлар, тренингтер, дәрістер, көрмелер, талқылаулар, кездесулер ұйымдастыруға және өткізуге және өндіріс қажеттілігімен байланысты шараларды есептемегенде өнер, ғылыми-техникалық конференциялар өткізуге;
- 14) Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген міндетті сақтандыру төлемдерін қоспағанда сақтандыру төлемдері (өз қызметкерлерінің пайдасы үшін субъектпен бекітілген мүліктік сақтандыру және жеке келісімдер бойынша субъектпен жасалған салымдар);
- 15) білім беру ұйымдарында білім алатын жұмысшылардың оқу демалысын төлеуге;
- 16) қызметкерлерге қосымша берілген (Қазақстан Республикасы заңнамасымен қарастырылған жағдайдан артық) демалыстарды төлеуге;
- 17) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылғаннан басқа субъект қызметкерлеріне арналған жеңілдіктер;

18) ұжымдық келісімдермен анықталған кәсіби одақтар мақсаты үшін жұмыстан шығарылу;

19) ұйым қызметкерлері алған қарыз, көмектерді пайызсыз қаржы көмектерді қоса алғанда төлеу;

20) қоғамдық ұйымдар мен қауымдастықтарға жасалған мүшелік салымдар;

21) негізгі құралдардың амортизациялық аударымдары.

17. Денсаулық сақтаудың референтті субъектілері осы Қағидалардың 12 және 13-тармақтарында көрсетілген ақпаратты жұмыс органына мынадай талаптарға сәйкес ұсынады:

1) материалдық өтінімдерді құзыретіне бухгалтерлік есеп пен қаржы мәселелері кіретін референтті субъектісінің басшысы, не оның орнын алмастырушы тұлға, не басшы орынбасары тігеді, нөмірлейді, қолтаңба және мөр қояды;

2) қаржы құжаттарына референтті субъектінің басшысы және бас бухгалтері, немесе оларды алмастырушы тұлғалар қол қояды, референтті субъектінің мөрімен куәландырады.

18. Жұмыс органы осы Қағидалардың 12 және 13-тармақтарында көрсетілген ақпаратты алған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылған материалдардың толықтығын тексереді және жазбаша түрде референтті субъектіні материалды қарауға қабылдау немесе шығындарды растайтын қосымша құжаттар ұсыну қажеттілігі туралы ерікті нысанда хабарлайды.

19. Тарифтерді есептеу және модельдеу жоспар негізінде жұмыс органымен орындалады және мынадай іс-шараларды қамтиды:

1) алынған нәтижелерден есептеулер мен сараптамалар жүргізу;

2) тариф есептеулері нәтижелерін модельдеу;

3) тариф түрін таңдау бойынша ұсыныстарды өңдеу;

4) тарифтер тізімінің жобасын қалыптастыру;

5) уәкілетті органдарға тарифтерді модельдеу және есептеу нәтижелерін ұсыну.

20. Тарифтерді есептеуді жұмыс органы Әдістемеге сәйкес осы Қағидалардың 17-тармағында белгіленген талаптарды ескере отырып, референтті субъектілерден 12 және 13-тармақтарда көрсетілген ақпаратты алған күннен бастап 6 ай ішінде жүзеге асырады.

21. Тарифтерді есептеу нәтижелерін модельдеу әзірленген және қайта қаралған тарифтердің төмендегілерге әсер етуін бағалау мақсатында жүзеге асырылады:

1) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық көмекті тұтыну көлемі;

2) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін медициналық қызмет көрсетумен байланысты шығыстар.

22. Тарифтерді есептеу нәтижелерін модельдеуді жұмыс органы бес жылдық мерзімде ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық қызметтерді көрсетуге жоспарланған және нақты шығыстар туралы уәкілетті орган және қор ұсынған ақпараты ескере отырып тарифтерді есептеу мерзімінде мыналарды қоса жүзеге асырады:

- 1) ағымдағы қаржылық жыл алдындағы екі жыл;
- 2) ағымдағы қаржылық жыл;
- 3) ағымдағы қаржылық жылдан кейінгі екі жыл.

23. Тарифтерді есептеу мен модельдеу нәтижелері бойынша жұмыс органы тарифтерді әзірлеу және (немесе) қайта қарау туралы есепті (бұдан әрі – Есеп) төмендегіні қоса жасайды:

- 1) алынған мәліметтер сараптамасы мен есептерінің нәтижелері;
- 2) есептелген тарифтерді модельдеу нәтижелері;
- 3) халықаралық тәжірибені ескере отырып тариф түрін таңдау, оның ішінде жаңа тариф түрін енгізу ұсынысы;
- 4) тарифтер тізімінің жобасы;
- 5) басқа медициналық қызметтерге тарифтерді қайта қараудың негізделген ұсыныстары.

24. Есепті жұмыс органы уәкілетті органға жібереді.

25. Уәкілетті орган Есепті алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде құзыреттілігі бойынша тиісті бөлімшелер мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдарға сұраныстар жібереді, алынған материалдар бойынша сараптама жасап, уәкілетті органның:

- 1) тарифтерді есептеу мен модельдеу нәтижелерінің осы Қағидалар және (немесе) Әдістеме талаптарына сай болуы;
- 2) денсаулық сақтау саласындағы Қазақстан Республикасының стратегиялық, бағдарламалық құжаттарына сай болуы;
- 3) тариф түрін таңдау, оның ішінде жаңа тариф түрлерін енгізудің орындылығы;
- 4) ұсынылып отырған есептелген, қайта қаралған тарифтерді енгізумен байланысты қосымша бюджет шығындарын және МӘМС жүйесінің қаражатын шығындауды жүзеге асырудың орындылығы;
- 5) басқа да медициналық қызметтерге тарифтерді қайта қарау орындылығы мен қажеттілігіне шешімін құрайды.

26. Уәкілетті орган жұмыс органынан олардың негізінде тарифтерді модельдеу мен есептеу жүзеге асырылған бастапқы құжаттарды сұрайды.

27. Осы Қағидалардың 25-тармағының 1) және 2) тармақшаларында қарастырылған негіздемелер бойынша уәкілетті орган теріс қорытынды қабылдаған жағдайда есеп жұмыс органына қорытындыны алған күннен бастап оң жұмыс күні ішінде пысықтау үшін қайтарылады.

28. Уәкілетті орган пысықталған есепті алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 25 және 26-тармақтарында қарастырылған тәртіпте қайталама қорытынды қалыптастырады.

29. Уәкілетті органның жаңа және (немесе) қайта қаралған тарифтерді енгізу туралы оң шешімі осы Қағидалардың 3-тармағында бекітілген тарифтерді қалыптастыру қағидаларына сай төмендегілерді көрсетумен мақұлданады:

1) оларды енгізу мерзімдері;

2) өңір және (немесе) ел және (немесе) денсаулық сақтау субъектілері масштабында тарифтерге алдын ала апробациялау жүргізу қажеттілігі;

3) тарифтерді алдын ала апробациялау жүргізу ұзақтығы;

4) басқа тарифтерді қарастыру бойынша ұсыныстар.

30. Жаңа және (немесе) қайта қаралған тарифтерді пысықтау туралы шешім пысықтауды қажет ететін нақты қаржылық-экономикалық, статистикалық және клиникалық өлшемдерді қамтиды.

31. Уәкілетті орган жаңа және (немесе) қайта қаралған тарифтерді пысықтау туралы шешім қабылдаған жағдайда:

1) жұмыс органы осындай шешім қабылданған күннен бастап, отыз жұмыс күні ішінде жаңа және (немесе) қайта қаралған тарифтерді пысықтауды жүзеге асырады;

2) уәкілетті орган осы Қағидалардың 25 және 26-тармақтарында қарастырылған тәртіпте қайта қорытындыны ұсынады.

32. Жаңа және (немесе) қайта қаралған тарифтер оң жұмыс күні ішінде Кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті органмен бекітілуге тиіс.

33. Қабылдануы осы Қағидалардың 29 және 31-тармақтарында қарастырылған уәкілетті орган актілерінің көшірмелері бір жұмыс күні ішінде жұмыс органы мен қорға денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйесі мен электронды ақпараттың ресурстарда тиісті ақпаратты енгізу үшін ақпараттандыру субъектіне жіберіледі.

34. Уәкілетті органның жаңа және (немесе) қайта қаралған тарифтерді енгізуден бас тарту шешімі мұндай шешім қабылдауға негіздемелері көрсете отырып, осы Қағидалардың 3-тармағында бекітілген тарифтерді қалыптастыру қағидаларының сақталуын ескере отырып қабылданады.

35. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық қызмет көрсететін денсаулық сақтау субъектісі (бұдан әрі – денсаулық сақтау субъектісі) тарифтерді әзірлеу, қайта қарау үшін осы Қағидаларға 21-қосымшаға

сәйкес нысан бойынша уәкілетті органға тарифті әзірлеуге және (немесе) қайта қарауға өтініш жібереді.

36. Уәкілетті орган денсаулық сақтау субъектісінің өтінішін қарайды және " Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы" 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген уақытта қабылданған шешім туралы хабарлайды.

37. Медициналық көмектің тиісті бейіні бойынша тарифтерді әзірлеу және (немесе) қайта қарау Жоспарда қарастырылса, денсаулық сақтау субъектісінің өтінішін уәкілетті орган жұмыс органына жібереді.

38. Егер тарифтерді әзірлеу, қайта қарау жоспарда қарастырылмаса, уәкілетті орган денсаулық сақтау субъектісінің өтінішін келесі жағдайларда ескереді:

1) келесі жоспарлы жылдың Жоспарын қалыптастыру;

2) осы Қағидалардың 7-тармағында қарастырылған негіздемелер бойынша бекітілген Жоспарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

39. Егер Қазақстан Республикасының аумағындағы ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде қолданылуға рұқсат етілмеген диагностика, емдеу және медициналық оңалту әдісін төлеу үшін жоспарланған тарифтерді әзірлеу және қайта қарауды жоспарлау керек болса, уәкілетті орган денсаулық сақтау субъектісінің өтінішін қараусыз қалдырады.

Денсаулық сақтау субъектісі осы Қағидалардың 35-тармағында қарастырылған Қазақстан Республикасының аумағындағы ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде диагностика, емдеу және медициналық оңалтудың жаңа әдісін қолдануға сай рұқсат алғаннан кейін уәкілетті органға өтінімді қайта жібереді.

40. Тарифтерді есептеу үшін денсаулық сақтау субъектісі осы Қағидалардың 36-тармағында көрсетілген уәкілетті органнан хабарлама алған күннен бастап 20 жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 18-тармағында бекітілген талаптарды ескерумен және 12 және 13-тармақтарында қарастырылған, жұмыс органының сұранысы бойынша растайтын құжаттармен (келісімдер, есеп фактуралар, қаржы құжаттары, ішкі құжаттармен) негізделген қаржы-экономикалық, статистикалық және клиникалық ақпаратты жұмыс органына ұсынады.

41. Тарифтерді есептеу Әдістемеге сәйкес осы Қағидалардың 17-тармағында бекітілген талаптарды ескере отырып, 12 және 13-тармақтарда көрсетілген ақпаратты денсаулық сақтау субъектілерінен алған күннен бастап жұмыс органы 9 ай ішінде жүзеге асырады.

42. Тарифтерді есептеу нәтижелерін модельдеуді осы Қағидаларға 21 және 22 -тармақтарында бекітілген тәртіп пен мерзімде жұмыс органы жүзеге асырады.

43. Тарифтерді қарау, келісу және бекіту осы Қағидалардың 25-32-тармақтарында көрсетілген тәртіпте жүзеге асырылады.

44. Мониторинг барысында тарифтердің төмендегілерге әсері туралы актуалды және объективті ақпарат жинау жүзеге асырылады:

1) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерді тұтыну көлемі;

2) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтердің қолжетімділігі;

3) медициналық қызмет көрсету саласындағы бәсекелестіктің дамуы.

45. Мониторингті қор:

1) ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесіндегі медициналық қызмет көрсету түрі;

2) тариф түрлері бөлінісінде жүзеге асырады.

46. Қор сұранысының негізінде, ақпараттандыру субъектісі:

1) Кодекстің 28-бабындағы талаптарды ескере отырып, "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес қор қызметкерлеріне электронды ақпараттық ресурстар мен денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелеріне қол жетімділікті қамтамасыз етеді;

2) денсаулық сақтаудың ақпараттық жүйелерінде қажетті есептік және аналитикалық нысандарды түрлендіру бойынша іс-шараларды жүргізеді.

47. Тарифтерді жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды қамтитын мониторинг туралы есепті қор 1-жартыжылдық пен есептік жыл қорытындысы бойынша жылына 2 рет әзірлейді және уәкілетті органға есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-күніне дейін тапсырады.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидаларына
1-қосымша

"1 емделіп шығу жағдайына арналған тікелей нақты шығындар бойынша ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан*

Индекс: 1-ТНШ

Кезеңділігі: қажеттілігіне қарай

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: Референтті субъектілер

Нысан қайда ұсынылады: Жұмыс органы

Нысанды ұсыну мерзімі: хабарламаны алғаннан кейінгі 10 жұмыс күні ішінде

																		Медициналық қызмет	
--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	-----------------------	--

№ тізбекті	Өңірдің атауы	Медициналық ұйымның атауы	Пациенттің ЖСН	Сықатнама №	Емдеуге жатқызу күні	Шығу күні	Шығу бөлімшесінің атауы	көрсетілген, ДЗ және/немесе ММБ пайдаланылған (клиникалық бөлім, ота блогы, АРҚТБ) бөлім атауы	Негізгі диагнозды коды АХЖ-10)
------------	---------------	---------------------------	----------------	-------------	----------------------	-----------	-------------------------	--	--------------------------------

Кестенің жалғасы:

Медициналық қызметтер			Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар							
Тарификатор бойынша қызметтің коды	Тарификатор бойынша атауы	Саны	ДЗ/ММБ коды	ДЗ ХПА бойынша және ММБ толық атауы	ДЗ/ММБ шығару нысаны	Өлшем бірлігі (ДЗ үшін – миллиграмм, миллилитр, грамм, ММБ үшін – дана, сантиметр, метр, жұп, жинақ, жиынтық)	Біреттік мөлшер (таблетка, капсула саны)	Күнделікті еселік	Күндер саны	Қаптамадағы саны
12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22

Ескертпе:

* – "Денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген медициналық құжаттама №066/е "Стационардан шыққан адамның статистикалық картасы" нысанына сәйкес толтырылады.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

АХЖ-9 – Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктелуі, 9 қайта қарау;

АХЖ-10 – Аурулар мен денсаулыққа байланысты проблемалардың халықаралық статистикалық жіктелуі, 10 қайта қарау;

ДЗ – дәрілік заттар;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

ММБ – медициналық мақсаттағы бұйымдар;

АРҚТБ – анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімшесі;

ХПА – халықаралық патенттелмеген атауы.

Денсаулық сақтау субъектісінің басшысы: _____

М.О.

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Денсаулық сақтау субъектісінің құрылымдық бөлімшесінің басшысы: _____

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Жауапты орындаушы: _____

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Орындаушының телефоны: _____

Орындаушының электрондық мекенжайы: _____

"1 емделіп шығу жағдайына арналған тікелей нақты шығындар бойынша ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 17-тармағында көрсетілген.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидаларына
2-қосымша

"Денсаулық сақтау субъектісінің ауданы" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

Индекс: 2-ДСА

Кезеңділігі: қажеттілігіне қарай

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: Референтті субъектілер

Нысан қайда ұсынылады: Жұмыс органы

Нысанды ұсыну мерзімі: хабарламаны алғаннан кейінгі 10 жұмыс күні ішінде

№	Бөлімше атауы (мысал)*	Аудан бойынша мәлімет, м ² **
1	Қаржылық блок	
2	Кадр бөлімі	
3	Әкімшілік	
4	Кір жуатын орын	
5	Тағам блогы/Асхана/Тамақтану	
6	Тасымалдау (көлікжай)	

7	Медициналық статистика кабинеті	
8	Орталық залалсыздандыру бөлімшесі	
9	Дәріхана	
10	Рентген бөлімшесі (сәулелі диагностика)	
11	Ағзаны ультрадыбыстық зерттеу мен функционалды диагностика бөлімшесі	
12	Зертхана	
13	Физиотерапия	
14	Эндоскопия бөлмесі	
15	Амбулаториялық бөлімше	
16	Мәйітхана	
17	Қабылдау бөлімі	
18	1 операция блогы	
19	2 операция блогы	
20	АРҚТБ ересектер	
21	АРҚТБ балалар	
22	1 бөлімше	
23	2 бөлімше	
24	3 бөлімше	
25	4 бөлімше	
Қорытынды		

Ескертпе:

* – денсаулық сақтау субъектісінің зерттелетін кезеңге соңғы бекітілген штаттық кестеге сәйкес;

** – денсаулық сақтау субъектісінің техникалық паспортына сәйкес.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

АРҚТБ – анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімшесі.

Денсаулық сақтау

субъектісінің басшысы: _____

— М.О.

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Денсаулық сақтау субъектісінің құрылымдық

бөлімшесінің басшысы: _____

— (Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Жауапты орындаушы: _____

— (Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Орындаушының телефоны: _____

Орындаушының электрондық мекенжайы: _____

"Денсаулық сақтау субъектісінің ауданы" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 17-тармағында көрсетілген.

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидаларына
3-қосымша

Төсек қоры туралы ақпарат

№	Құрылымдық бөлімше атауы	Төсек саны*
1	1 бөлімше (штаттық кестеге сәйкес)	
2	2 бөлімше (штаттық кестеге сәйкес)	
3	3 бөлімше (штаттық кестеге сәйкес)	
4	4 бөлімше (штаттық кестеге сәйкес)	
	Қорытынды	

Ескертпе:

* – денсаулық сақтау субъектісінің зерттелетін кезеңге төсек қоры туралы ішкі бұйрығына сәйкес.

Денсаулық сақтау

субъектісінің басшысы: _____

— М.О.

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Денсаулық сақтау субъектісінің құрылымдық

бөлімшесінің басшысы: _____

—

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Жауапты орындаушы: _____

—

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Орындаушының телефоны: _____

Орындаушының электрондық мекенжайы: _____

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық

Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды (оның ішінде реагенттерді) қолдану туралы ақпарат

№	Құрылымдық бөлімше атауы	Бөлімшеге берілген дәрілік заттардың саны*
1	1 бөлімше (штаттық кестеге сәйкес)	
2	2 бөлімше (штаттық кестеге сәйкес)	
3	3 бөлімше (штаттық кестеге сәйкес)	
4	4 бөлімше (штаттық кестеге сәйкес)	
	Қорытынды	

Ескертпе:

* – денсаулық сақтау субъектісінің зерттелетін кезеңге бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік мәліметтеріне сәйкес.

Денсаулық сақтау

субъектісінің басшысы: _____

___ М.О.

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Денсаулық сақтау субъектісінің құрылымдық

бөлімшесінің басшысы: _____

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Жауапты орындаушы: _____

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Орындаушының телефоны: _____

Орындаушының электрондық мекенжайы: _____

Тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемінің
шеңберінде және міндетті
элеуметтік медициналық
сақтандыру жүйесінде
көрсетілетін медициналық
қызметтерге тарифтерді
калыптастыру қағидаларына
5-қосымша

Өткізілген консультативтік-диагностикалық қызметтердің саны туралы ақпарат

№	Құрылымдық бөлімше атауы	Зерттеулердің/қызметтердің жалпы саны*
1	1 бөлімше (штаттық кестеге сәйкес)	
2	2 бөлімше (штаттық кестеге сәйкес)	
3	3 бөлімше (штаттық кестеге сәйкес)	
4	4 бөлімше (штаттық кестеге сәйкес)	
	Қорытынды	

Ескертпе:

* – денсаулық сақтау субъектісінің зерттелетін кезеңге консультациялық-диагностикалық қызметтердің есебі ішкі журналына сәйкес.

Денсаулық сақтау

субъектісінің басшысы: _____

— М.О.

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Денсаулық сақтау субъектісінің құрылымдық

бөлімшесінің басшысы: _____

—

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Жауапты орындаушы: _____

—

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Орындаушының телефоны: _____

Орындаушының электрондық мекенжайы: _____

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидаларына
6-қосымша

Жасалған хирургиялық операциялар туралы ақпарат

№	Құрылымдық бөлімше атауы	Оталар саны*
1	1 бөлімше (штаттық кестеге сәйкес)	
2	2 бөлімше (штаттық кестеге сәйкес)	
3	3 бөлімше (штаттық кестеге сәйкес)	
4	4 бөлімше (штаттық кестеге сәйкес)	
	Қорытынды	

Ескертпе:

* – денсаулық сақтау субъектісінің зерттелетін кезеңге оталар журналына сәйкес.

Денсаулық сақтау

субъектісінің басшысы: _____

— М.О.

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Денсаулық сақтау субъектісінің құрылымдық

бөлімшесінің басшысы: _____

—

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Жауапты орындаушы: _____

—

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Орындаушының телефоны: _____

Орындаушының электрондық мекенжайы: _____

Тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген
көлемінің шеңберінде және
міндетті әлеуметтік
медициналық сақтандыру
жүйесінде көрсетілетін
медициналық қызметтерге
тарифтерді
қалыптастыру қағидаларына
7-қосымша

Анестезиология, реаниматология және қарқынды терапия бөлімшесіне түскен

пациенттердің саны туралы ақпарат*

№	Құрылымдық бөлімше атауы	АРҚТБ №1	АРҚТБ №2	АРҚТБ №3
1	1 бөлімше (штаттық кестеге сәйкес)			
2	2 бөлімше (штаттық кестеге сәйкес)			
3	3 бөлімше (штаттық кестеге сәйкес)			
4	4 бөлімше (штаттық кестеге сәйкес)			
	Қорытынды			

Ескертпе:

* – денсаулық сақтау субъектісінің зерттелетін кезеңге АРҚТБ науқастардың есебі журналына сәйкес.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

АРҚТБ – анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімшесі.

Денсаулық сақтау

субъектісінің басшысы: _____

— М.О.

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Денсаулық сақтау субъектісінің құрылымдық

бөлімшесінің басшысы: _____

— (Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Жауапты орындаушы: _____

— (Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Орындаушының телефоны: _____

Орындаушының электрондық мекенжайы: _____

Тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемінің
шеңберінде және міндетті
элеуметтік медициналық
сақтандыру жүйесінде
көрсетілетін медициналық
қызметтерге тарифтерді
қалыптастыру қағидаларына
8-қосымша

"Нақты бос емес ставкалар туралы ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан*

Индекс: 3-НБЕС

Кезеңділігі: қажеттілігіне қарай

Ақпаратты ұсынатын тұлғалар тобы: Референтті субъектілер

Нысан қайда ұсынылады: Жұмыс органы

Нысанды ұсыну мерзімі: хабарламаны алғаннан кейінгі 10 жұмыс күні ішінде

№	Құрылымдық бөлімше атауы	Ставкалар саны
1	Қаржылық блок	
2	Кадр бөлімі	
3	Әкімшілік	
4	Кір жуатын орын	
5	Тағам блогы/Асхана/Тамақтану	
6	Тасымалдау (көлікжай)	
7	Медициналық статистика кабинет	
8	Орталық залалсыздандыру бөлімшесі	
9	Дәріхана	
10	Рентген бөлімшесі (сәулелі диагностика)	
11	Ағзаны УДЗ мен функционалды диагностика бөлімшесі	

12	Зертхана	
13	Физиотерапия	
14	Эндоскопия бөлмесі	
15	Амбулаториялық бөлімше	
16	Мәйітхана	
17	Қабылдау бөлімі	
18	1 операция блогы	
19	2 операция блогы	
20	АРҚТБ ересектер	
21	АРҚТБ балалар	
22	1 бөлімше	
23	2 бөлімше	
24	3 бөлімше	
25	4 бөлімше	
	Қорытынды	

Ескертпе:

* – денсаулық сақтау субъектісінің зерттелетін кезеңге бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік мәліметтеріне сәйкес.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

АРҚТБ – анестезиология, реанимация және қарқынды терапия бөлімшесі

УДЗ – ультра дыбыстық зерттеу.

Денсаулық сақтау

субъектісінің басшысы: _____

___ М.О.

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Денсаулық сақтау субъектісінің құрылымдық

бөлімшесінің басшысы: _____

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Жауапты орындаушы: _____

(Лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)/ қолы)

Орындаушының телефоны: _____

Орындаушының электрондық мекенжайы: _____

"Нақты бос емес ставкалар туралы ақпарат" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 17-тармағында көрсетілген.

ТМККК шеңберінде АЕК көрсетуге арналған бекітілген халық саны есепті кезең айының соңғы күніндегі ахуал бойынша ерікті бекіту науқанының нәтижесі бойынша "БХТ" АЖ-да тіркелген халықтың саны бойынша анықталады.

МӘМС жүйесінде АЕК көрсетуге арналған бекітілген халық саны есепті кезең айының соңғы күніндегі ахуал бойынша Заңға сәйкес МӘМС жүйесінде медициналық қызметтерді тұтынушылар ретінде тіркелген халықтың саны бойынша анықталады.

ТМККК шеңберінде АЕК көрсетуге арналған бекітілген халық саны есепті кезең айының соңғы күніндегі ахуал бойынша Заңға сәйкес МӘМС жүйесінде медициналық көмекке құқығы жоқ халықтың саны бойынша анықталады.

$KЖН_{\text{МСАК}}$ – МСАК субъектісі үшін белгіленген айда "БХТ" АЖ-да тіркелген бір бекітілген адамға арналған АЕК жан басына шаққандағы кешенді норматив;

m – қаржыландыру көлемін есептеуге қолданылатын кезеңдегі айлардың саны.

АЕК жан басына шаққандағы кешенді норматив бойынша МСАК субъектісін қаржыландыру көлемі көрсетілген қызметтер көлеміне тәуелді емес.

13. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық қызметтер көрсеткені үшін ақы төлеу тарификаторға сәйкес тікелей және жанама (үстеме) шығыстарды айқындау әдісінің негізінде бір медициналық қызмет көрсетуге арналған тариф бойынша жүзеге асырылады.

14. Тікелей және жанама (үстеме) шығыстарды айқындау әдісінің негізінде бір медициналық қызмет көрсетуге арналған тарифті есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$ҚМК_{i-P} = Ш_{тікелей-i} + Ш_{үстеме-i}$, мұнда:

$ҚМК_{i-P}$ – тікелей және жанама (үстеме) шығыстарды айқындау әдісінің негізінде түзету коэффициенттерін есепке алмай есептелген бір медициналық қызметтің орташа есеп айырысу құны;

i – медициналық қызметтер тарификаторына сәйкес тізбе бойынша медициналық қызметтің түрі;

$Ш_{тікелей-i}$ – i -ші медициналық қызмет көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің негізгі медицина қызметкерлеріне еңбекақы төлеуге осы Әдістеменің 3-тармағының 1) және 2) тармақшаларымен және осы Әдістеменің 3-тармағының 3) тармақшасымен көзделген шығыстарды қамтитын бір медициналық қызмет көрсетуге арналған тікелей шығыстардың орташа есеп айырысу сомасы;

$Ш_{үстеме-i}$ – i -ші медициналық қызмет көрсетуге тікелей қатыспайтын денсаулық сақтау субъектілерінің медицина қызметкерлеріне қосымша (жанама) еңбекақы төлеуге осы Әдістеменің 3-тармағының 1) және 2) тармақшаларымен және осы Әдістеменің 5)-8) тармақшаларымен көзделген шығыстарды қамтитын бір медициналық қызметке есептегендегі үстеме шығыстардың сомасы, олар мынадай формула бойынша айқындалады:

$Ш_{үстеме-i} = ЖА_i \times k_{үстеме}$, мұнда:

$ЖА_i$ – i -ші медициналық қызмет көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің негізгі медицина қызметкерлеріне еңбекақы төлеуге арналған шығыстардың орташа есеп айырысу сомасы, ол осы Әдістеменің 3-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес есептелген;

$k_{үстеме}$ – үстеме шығыстардың коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$k_{үстеме} = Ш_{үстеме-МҰ} / ЖА_{мп}$, мұнда:

$Ш_{үстеме-МҰ}$ – амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің үстеме шығыстарының орташа есеп айырысу сомасы, ол медициналық қызмет көрсетуге тікелей қатыспайтын денсаулық сақтау субъектілерінің қызметкерлеріне қосымша (жанама) еңбекақы төлеуге осы Әдістеменің 3-тармағының 1) және 2) тармақшаларымен және осы Әдістеменің 3-тармағының 5)-8) тармақшаларымен көзделген шығыстарды қамтиды;

$ЖА_{мп}$ – денсаулық сақтау субъектілерінің медицина қызметкерлеріне еңбекақы төлеуге арналған шығыстардың орташа есеп айырысу сомасы, ол осы Әдістеменің 3-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес есептелген.

15. Түзету коэффициенттерін есепке алғанда бір медициналық қызметті өтеуге арналған тарифті есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$C_{\text{МК-}i\text{-PP}} = C_{\text{МК-}i\text{-P}_n} + C_{\text{МК-}i\text{-P}_n} \times (K_1 - 1) + \dots + C_{\text{МК-}i\text{-P}_n} \times (K_n - 1)$, мұнда:

$C_{\text{МК-}i\text{-PP}_n}$ – тікелей және жанама (үстеме) шығыстарды айқындау әдісінің негізінде түзету коэффициенттерін есепке ала отырып есептелген n түріндегі бір медициналық қызметтің орташа құны;

K_1, K_n – уәкілетті орган медициналық қызмет құнын түзету мақсатында ауылдық жерлерде жұмыс істегені үшін, Қазақстан Республикасының "Арал өңіріндегі экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 30 маусымдағы (бұдан әрі – Арал өңіріндегі азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы ҚР Заңы) және "Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" 1992 жылғы 18 желтоқсандағы (бұдан әрі – ССЯП азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы ҚР Заңы) заңдарына сәйкес экологиялық апатты аймақтарда жұмыс істегені үшін үстемеақыны төлеуге арналған шығыстарды есепке ала отырып, жылыту маусымының ұзақтығы үшін қолданатын түзету коэффициенттері және Кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен коэффициенттер.

16. Тікелей және жанама (үстеме) шығыстарды айқындау әдісінің негізінде есептелген, бір қызметтің орташа есеп айырысу құны бойынша медициналық қызметтерді көрсеткені үшін денсаулық сақтау субъектісін қаржыландыру көлемін есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$V_{\text{МК-}i\text{-P}} = C_{\text{МК-}i-1} \times C_{\text{МК-}i\text{-PP}_1} + C_{\text{МК-}i-n} \times C_{\text{МК-}i\text{-PP}_n}$, мұнда:

$V_{\text{МК-}i\text{-P}}$ – жоспарлы немесе есепті кезеңге медициналық қызметтер көрсеткені үшін шығыстарды өтеу бойынша қаржыландыру көлемі;

$C_{\text{МК-}i-1}, C_{\text{МК-}i-n}$ – жоспарлы немесе есепті кезеңге медициналық қызметтердің n түрінің саны.

17. Жылжымалы медициналық кешендердің (бұдан әрі – ЖМК) қызметтерін төлеу бір адамға ЖМК қызметтерін көрсетуге арналған тариф бойынша жүзеге асырылады.

18. Бір адамға ЖМК қызметтерін көрсетуге арналған тарифті есептеу бір адамға орташа нақты шығындарға сәйкес мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$T_{\text{ЖМК}} = (V_{\text{орт. нақты шығын.}} - V_{\text{экол.ЖМК}}) / C_{\text{ЖМК}}$, мұнда:

$T_{\text{ЖМК}}$ – бір адамға ЖМК қызметтерін көрсетуге арналған тариф;

$V_{\text{орт. нақты шығын.}}$ – уәкілетті орган айқындаған ЖМК қызметтерін көрсететін денсаулық сақтау субъектісінің нақты шығындардың орташа көлемі;

$V_{\text{экол.ЖМК}}$ – Арал өңірінің азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚР Заңы және ССЯП азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚР Заңына сәйкес облыс

деңгейінде қалыптастырылатын, экологиялық апат аймақтарында жұмыс істегені үшін үстемеақы төлеуге көзделген қаражаттың жылдық көлемі;

СЖМК – ЖМК қызметтерін алған халық саны;

19. ЖМК қызметтерін көрсеткені үшін денсаулық сақтау субъектісін қаржыландыру көлемін есептеу мынадай формула бойынша анықталады:

$V_{\text{ЖМК қарж.}} = C_{\text{ЖМК}} \times T_{\text{ЖМК}} \times K_{\text{экол.}}$, мұнда:

$V_{\text{ЖМК қарж.}}$ – ЖМК қызметтерін көрсеткені үшін денсаулық сақтау субъектісін қаржыландыру көлемі;

СЖМК – ЖМК қызметтерін алған халық саны;

ТМККК шеңберінде ЖМК қызметтерін көрсетуге арналған бекітілген халық саны есепті кезең айының соңғы күніндегі ахуал бойынша ерікті бекіту науқанының нәтижесі бойынша "БХТ" АЖ-да тіркелген халықтың саны бойынша анықталады.

МӘМС жүйесінде ЖМК қызметтерін көрсетуге арналған бекітілген халық саны есепті кезең айының соңғы күніндегі ахуал бойынша Заңға сәйкес МӘМС жүйесінде медициналық қызметтерді тұтынушылар ретінде тіркелген халықтың саны бойынша анықталады.

ТМККК шеңберінде ЖМК қызметтерін көрсетуге арналған бекітілген халық саны есепті кезең айының соңғы күніндегі ахуал бойынша Заңға сәйкес МӘМС жүйесінде медициналық көмекке құқығы жоқ халықтың саны бойынша анықталады.

$K_{\text{экол.}}$ – Кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен бір адамға ЖМК қызметтерін көрсетуге арналған тарифті түзету мақсатында, Арал өңірінің азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚР Заңына және ССЯП азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚР Заңына сәйкес экологиялық апатты аймақтарда жұмыс істегені үшін үстемеақыны төлеуге арналған шығыстарды есепке ала отырып, уәкілетті орган қолданатын түзету коэффициенті.

2-параграф. Стационарлық және стационарды алмастыратын көмекке арналған тарифтерді қалыптастыру алгоритмі

20. Стационарлық және стационарды алмастыратын көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілері мынадай:

бір төсек-күн үшін;

орташа есеп айырысу құны бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін;

медициналық-экономикалық тарифтер бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін;

Кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен аурулар, операциялар мен манипуляциялардың тізбесі бойынша нақты шығыстар бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін;

шығын сыйымдылығы коэффициентін есепке ала отырып КШТ бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін тарифтерді пайдаланады.

21. Ақы төлеу бір төсек-күні үшін жүзеге асырылатын, ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде стационарлық көмек нысанындағы мамандандырылған медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілері үшін тариф мынадай формула бойынша айқындалады:

$$T_{т/к} = V_{қарж} / C_{т/к}, \text{ мұнда:}$$

$T_{т/к}$ – стационарлық көмек нысанындағы мамандандырылған медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілері үшін бір төсек-күні үшін тариф;

$V_{қарж}$ – ақы төлеу бір төсек-күн үшін тариф бойынша жүзеге асырылатын, стационарлық көмек нысанындағы мамандандырылған медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілері үшін кезекті жоспарлы кезеңге арналған қаржыландыру көлемі;

$C_{т/к}$ – кезекті жоспарлы кезеңге арналған осы денсаулық сақтау субъектісі бойынша төсек-күндердің саны.

22. ТМККК шеңберіндегі және (немесе) МӘМС жүйесіндегі стационарлық және (немесе) стационарды алмастратын көмек нысанындағы мамандандырылған медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілері үшін орташа есеп айырысу құны бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін тариф мынадай формула бойынша айқындалады:

$$T_{еж} = V_{қарж} / C_{еж}, \text{ мұнда:}$$

$T_{еж}$ – стационарлық және (немесе) стационарды алмастратын көмек көмек нысанындағы мамандандырылған медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілері үшін орташа есеп айырысу құны бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін тариф;

$V_{қарж}$ – ақы төлеу орташа есеп айырысу құны бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін тариф бойынша жүзеге асырылатын, стационарлық және (немесе) стационарды алмастратын көмек көмек нысанындағы мамандандырылған медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілері үшін кезекті жоспарлы кезеңге арналған қаржыландыру көлемі;

$C_{еж}$ – кезекті жоспарлы кезеңге арналған осы денсаулық сақтау субъектісі бойынша емделіп шығу жағдайларының саны.

23. Онкологиялық аурулары бар он сегіз жасқа дейін балаларға стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсететін

денсаулық сақтау субъектілері үшін МЭТ бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін тариф клиникалық хаттамалар негізінде есептеледі.

24. Клиникалық хаттамалардың негізінде қалыптастырылатын бір емделіп шығу жағдайына арналған МЭТ тікелей және жанама шығыстарды табу арқылы мынадай формула бойынша анықталады:

$$T_{\text{МЭТ}} = \text{Штікелей} + \text{Шүстеме}, \text{ мұнда:}$$

$T_{\text{МЭТ}}$ – бір емделіп шығу жағдайына арналған МЭТ құны;

$\text{Ш}_{\text{тікелей}}$ – медициналық қызмет көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің негізгі медицина қызметкерлеріне еңбекақы төлеуге осы Әдістеменің 3-тармағының 1) және 2) тармақшаларымен және осы Әдістеменің 3-тармағының 3) және 4) тармақшаларымен көзделген шығыстарды қамтитын клиникалық хаттамаларға сәйкес бір емделіп шығу жағдайына арналған тікелей шығындардың сомасы;

$\text{Ш}_{\text{жанама}}$ – медициналық қызмет көрсетуге тікелей қатыспайтын денсаулық сақтау субъектілерінің қызметкерлеріне қосымша (жанама) еңбекақы төлеуге осы Әдістеменің 3-тармағының 1) және 2) тармақшаларымен және осы Әдістеменің 3-тармағының 5)-8) тармақшаларымен көзделген шығыстарды қамтитын емделіп шығу жағдайы бойынша жанама шығыстардың сомасы.

25. Емделіп шығу жағдайына арналған тікелей шығындар мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{Ш}_{\text{тікелей}} = \text{Ш}_{\text{жа}} + \text{Ш}_{\text{Ү}} + \text{Ш}_{\text{тамақ}} + \text{Ш}_{\text{дз/ммб/мед.қызметтер}}, \text{ мұнда:}$$

$\text{Ш}_{\text{жа}}$ – бір жағдайды емдеуге қатысатын негізгі медицина қызметкерлерінің жалақысы бойынша шығыстар;

$\text{Ш}_{\text{Ү}}$ – бір жағдай бойынша бюджетке төленетін салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша шығыстар;

$\text{Ш}_{\text{тамақ}}$ – бір жағдайға арналған тамақтану бойынша шығыстар;

$\text{Ш}_{\text{дз/ммб/мед.қызметтер}}$ – бір жағдайға арналған дәрілік заттар, медициналық мақсаттағы бұйымдар және медициналық қызметтер бойынша шығыстар.

26. Бір жағдай бойынша жанама шығындар мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{Ш}_{\text{жанама}} = \text{ЖА}_{\text{ж}} \times \text{күстеме}, \text{ мұнда:}$$

$\text{ЖА}_{\text{ж}}$ – осы Әдістеменің 3-тармағының 1 және 2-тармақшаларына сәйкес емдеу көрсететін негізгі медицина қызметкерлеріне жалақы төлеуге арналған шығыстардың сомасы.

күстеме – үстеме шығыстар коэффициенті мынадай формула бойынша анықталады:

$K_{\text{үстеме}} = \frac{\text{Ш}_{\text{үстеме-мұ}}}{\text{ЖА}_{\text{мұ}}}$, мұнда:

$\text{Ш}_{\text{үстеме-мұ}}$ – уәкілетті орган белгілеген медициналық ұйымдар бойынша үстеме шығыстардың орташа сомасы;

$\text{ЖА}_{\text{мұ}}$ – орта шығындар сомасы негізгі медицина медициналық ұйымның қызметкерлеріне жалақы төлеуге арналған шығыстардың орташа сомасы.

27. Бір емделіп шығу жағдайы үшін тарифті нақты шығыстар бойынша есептеу мынадай формула бойынша есептеледі:

$T_{\text{нақты шығ.}} = \text{Ш}_{\text{тікелей}} + \text{Ш}_{\text{үстеме}}$, мұнда:

$T_{\text{нақты шығ.}}$ – бір емделіп шығу жағдайы үшін нақты шығыстар бойынша тариф;

Штікелей – осы Әдістеменің 3-тармағының 1)-4) тармақшаларында көзделген шығындарды қамтитын бір емделіп шығу жағдайына арналған тікелей шығындардың сомасы;

Шүстеме – емделіп шығу жағдайы бойынша үстеме шығыстарының сомасы, ол медициналық қызмет көрсетуге тікелей қатыспайтын денсаулық сақтау субъектілерінің қызметкерлеріне қосымша (жанама) еңбекақы төлеуге осы Әдістеменің 3-тармағының 1) және 2) тармақшаларымен және осы Әдістеменің 3-тармағының 5)-8) тармақшаларымен көзделген шығыстарды қамтиды.

28. Емделіп шығу жағдайына арналған тікелей шығындар мынадай формула бойынша есептеледі:

$\text{Ш}_{\text{тікелей}} = \text{Ш}_{\text{жа}} + \text{Ш}_{\text{Ү}} + \text{Ш}_{\text{тамақ}} + \text{Ш}_{\text{ДЗ/ММБ}} + \text{Ш}_{\text{қызметтер}}$, мұнда:

$\text{Ш}_{\text{жа}}$ – бір жағдайды емдеуге қатысатын негізгі медицина қызметкерлерінің жалақысы бойынша шығыстар;

$\text{Ш}_{\text{Ү}}$ – бір жағдай бойынша бюджетке төленетін салықтар және басқа да міндетті төлемдер бойынша шығыстар;

$\text{Ш}_{\text{тамақ}}$ – бір жағдайға арналған тамақтану бойынша шығыстар;

$\text{Ш}_{\text{ДЗ/ММБ}}$ – бір жағдайға арналған ДЗ және ММБ бойынша шығыстар.

$\text{Ш}_{\text{қызметтер}}$ – бір жағдайға арналған медициналық қызметтер бойынша шығыстар.

29. Емделіп шығу жағдайына арналған жанама шығыстар мынадай формула бойынша есептеледі:

$\text{Ш}_{\text{үстеме}} = \frac{\text{ЖА}_{\text{кп}} + \text{КБШ}_{\text{ай}}}{C_{\text{ай}}}$, мұнда:

$ЖА_{кп}$ – осы Әдістеменің 3-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес алдындағы айда медициналық қызмет көрсетуге тікелей қатыспайтын денсаулық сақтау субъектілерінің қызметкерлеріне қосымша (жанама) еңбекақы төлеуге шығыстар сомасы;

$КБШ_{ай}$ – медициналық ұйым бойынша алдындағы айда КБШ бойынша шығыстар сомасы;

$С_{ай}$ – алдындағы айда жағдайлар саны.

30. ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілері үшін КШТ бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін тариф емделіп шығу жағдайына жұмсалған нақты шығындар негізінде есептеледі.

31. Емделіп шығу жағдайына арналған нақты шығындар мынадай формула бойынша айқындалады:

$Қ = Ш_{пациент} + Ш_{мұ}$, мұнда:

$Қ$ – бір емделіп шығу жағдайының құны;

$Ш_{пациент}$ – бір пациентке арналған нақты шығындар шығыстардың бағытталған пациентті диагностикалауға және емдеуге бағытталған шығыстар жинынтығын (дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдар, медициналық қызметтер) білдіреді;

$Ш_{мұ}$ – шығындарды сатылы жатқызу әдісімен есептелген бір пациентке арналған медициналық ұйымның нақты шығындары мынадай формула бойынша есептеледі:

$Ш_{мұ} = Қ_{т/к_орт.без.} \times НОБҰ$, мұнда:

$Қ_{т/к_орт.без.}$ – медициналық көмек көрсетудің тиісті і-ші КШТ АХЖ-10/9 КМ сәйкес келетін медициналық көмек көрсету деңгейіне байланысты тиісті бөлімше бейіндерінің орташа безбенделген төсек-күн құны:

$$Қ_{т/к_орт.без.} = \frac{\sum (К \times ЖС)}{ЖС}, \quad \text{мұнда:}$$

$Қ$ – і-ші КШТ әрбір АХЖ-10/9 КМ медициналық көмек көрсету деңгейіне байланысты бөлімшелердің нақты құны;

$ЖС$ – і-ші КШТ әрбір АХЖ-10/9 КМ бойынша медициналық көмек көрсету деңгейіне байланысты жағдайлар саны;

$НОБҰ$ – і-ші КШТ әрбір АХЖ-10/9 КМ медициналық көмек көрсету деңгейіне байланысты науқастың орташа болу ұзақтығы.

32. і-ші КШТ-ның орташа безбенделген құны мынадау формула бойынша есептеледі:

$$K_{\text{орт. без. КШТ}i} = \frac{\sum (K_{\text{орт}} \times \text{ЖС})}{\sum C},$$

мұнда:

$K_{\text{орт}}$ – і-ші КШТ әрбір АХЖ-10/9 КМ орташа нақты құны;

ЖС – ел бойынша і-ші КШТ КМ әрбір АХЖ-10/9 бойынша жағдайлардың саны.

33. Шығын сыйымдылығы коэффициенті мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\text{ШСК}_{\text{КШТ}i} = \frac{\text{ЖС}_{\text{орт. КШТ}i}}{\text{БМ}_{\text{КШТ}}},$$

мұнда:

$\text{БМ}_{\text{КШТ}}$ – Кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен КШТ бойынша базалық мөлшерлеменің құны.

34. Стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілері үшін түзету коэффициенттерін есепке ала отырып, КШТ бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін тариф мынадай формула бойынша айқындалады:

$$K_{\text{КШТ}} = B_{\text{СКШТ}} \times \text{ШСК}_{\text{КШТ}i} + B_{\text{СКШТ}} \times \text{ШСК}_{\text{КШТ}i} \times (Kn_1 - 1) + B_{\text{СКШТ}} \times \text{ШСК}_{\text{КШТ}i} (Kn_2 - 1) + \dots + B_{\text{СКШТ}} \times \text{ШСК}_{\text{КШТ}i} \times (Kn_n - 1),$$
 мұнда:

$K_{\text{КШТ}}$ – КШТ бойынша бір емделіп шығу жағдайының құны;

i – КШТ-ның түрі немесе тобы;

$\text{БМ}_{\text{КШТ}}$ – Кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен КШТ бойынша базалық мөлшерлеменің құны;

$\text{ШСК}_{\text{КШТ}i}$ – КШТ-ның белгілі бір (i) түрінің шығын сыйымдылығы коэффициенті;

Kn_1, Kn_2, Kn_n – түзету коэффициенттері (Кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен экологиялық коэффициент, ауылдық аумақтың коэффициенті, жылыту маусымы ұзақтығының коэффициенті және басқа да түзету коэффициенттері).

Еңбек кодексіне және № 1193 қаулыға сәйкес ауылдық жерде жұмыс істегені үшін түзету коэффициенті ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау саласындағы мамандарға қала жағдайында қызметтің осы түрлерімен айналысатын мамандардың жалақыларымен және тарифтік ставкаларымен салыстырғанда жалақының жиырма бес пайызынан кем емес жоғары еңбекақы төлеуді қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау субъектілеріне тағайындалады, ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$K_a = TK_a \times \%жа, \text{ мұнда:}$$

K_a – ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау саласы мамандарының ауылдық коэффициенті;

TK_a – Еңбек кодексінде және № 1193 қаулыда көзделген, ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау саласының мамандары үшін коэффициент;

$\%жа$ – тиісті өңірде ТМҚКК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің жалпы бюджетіндегі жалақының орташа үлесі.

Экологиялық түзету коэффициенті Арал өңірінің азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚР Заңына сәйкес экологиялық апатты аймақтарда тұратын қызметкерлерге қосымша ақыны қамтамасыз ету үшін денсаулық сақтау субъектілеріне тағайындалады, ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Э_{каө} = 1 + (TK_{э_{аө}} - 1) \times \%жа, \text{ мұнда:}$$

$Э_{каө}$ – Арал өңіріндегі экологиялық апатты аймақтарда тұратын қызметкерлерге арналған экологиялық коэффициент;

$TK_{э_{аө}}$ – Арал өңірінің азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚР Заңында көзделген экологиялық апатты аймақтарда тұрғаны үшін коэффициент;

$\%жа$ – экологиялық апатты аймақтардың аумақтарында ТМҚКК шеңберінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектісінің жалпы бюджетіндегі жалақының орташа үлесі.

ССЯП азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚР Заңына сәйкес Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақ аумақтарында тұратын қызметкерлерге аймақтар бойынша қосымша еңбекақы белгіленеді, ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$Э_{к_{семей}} = 1 + (Саек \times Наек / ЖАорт \times \%жа), \text{ мұнда:}$$

$Э_{к_{семей}}$ – Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақ аумақтарында тұратын қызметкерлерге экологиялық коэффициент;

$C_{\text{аек}}$ – Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақ аумақтарында тұратын тұрғындар үшін жалақыға үстеме ақы ретінде көзделген айлық есептік көрсеткіштердің саны;

$N_{\text{аек}}$ – тиісті жылдарға арналған мемлекеттік бюджет туралы Заңмен тиісті жылға көзделген айлық есептік көрсеткіштің мөлшері;

$ЖА_{\text{орт}}$ – Семей ядролық полигонын ядролық сынақ аумақтарындағы орташа жалақы;

%жа – Семей ядролық полигонындағы ядролық сынақ аймақтарының аумақтарында ТМККК шеңберінде медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектісінің жалпы бюджетіндегі жалақының үлесі.

Облыс (республикалық маңызы бар қала және астана) үшін жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті мынадай формула бойынша айқындалады:

$$K_{\text{жылыту} \cdot \text{обл.}} = 1 + Y_{\text{жылыту} \cdot \text{обл.}} \times (K_{\text{обл.}} - K_{\text{ҚР/орт.}}) / K_{\text{ҚР/орт.}}, \text{ мұнда:}$$

$K_{\text{обл.} \cdot \text{жыл.}}$ – облыс үшін жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті;

Үжылыту – өткен жылға облыста (республикалық маңызы бар қалада және астанада) стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілері деректерінің негізінде облыс бойынша (республикалық маңызы бар қалада және астанада) ағымдағы шығындардың жалпы жылдық көлемінде жылытудың жылдық көлеміне жұмсалатын шығындардың үлесі;

$K_{\text{обл.}}$ – алдағы қаржы жылына қаржыландыру көлемін есептеу үшін пайдаланылатын, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) жергілікті атқарушы орган шешімінің негізінде айқындалған, облыс бойынша (республикалық маңызы бар қалада және астанада) жылыту маусымының кезеңі;

$K_{\text{ҚР/орт.}}$ – алдағы қаржы жылына қаржыландыру көлемін есептеу үшін пайдаланылатын, облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) деректеріне сәйкес Қазақстан Республикасы бойынша орташа жылыту маусымының кезеңі.

35. Стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілері үшін КШТ бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін қаржыландыру көлемін есептеу мынадай формула бойынша айқындалады:

$$V_{\text{мұ қарж}} = C_{\text{ем'жағд}} \times \text{ШСК}_{\text{орт'кшт}} \times \text{Бм} + C_{\text{ем.жағд}} \times \text{ШСК}_{\text{орт'кшт}} \times \text{Бм} \times (\text{К}_{\text{п1}} - 1) + C_{\text{ем'жағд}} \times \text{ШСК}_{\text{орт'кшт}} \times \text{Бм} \times (\text{К}_{\text{п2}} - 1) + \dots + C_{\text{ем'жағд}} \times \text{ШСК}_{\text{орт'кшт}} \times \text{Бм} \times (\text{К}_{\text{пn}} - 1), \text{ мұнда:}$$

$V_{\text{мұ қарж}}$ – ақы төлеу КШТ бойынша бір емделіп шығу жағдайы үшін тариф бойынша жүзеге асырылатын стационарлық және (немесе) стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі үшін кезекті жоспарлы кезеңге арналған қаржыландыру көлемі;

$C_{\text{ем'жағд}}$ – кезекті жоспарлы кезеңге арналған осы денсаулық сақтау субъектісі бойынша емделіп шығу жағдайларының саны;

$\text{ШСК}_{\text{орт.КШТ}}$ – кезекті жоспарлы кезеңге арналған осы денсаулық сақтау субъектісі бойынша КШТ шығын сыйымдылығының орташа коэффициенті;

Бм – Кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен жоспарлы кезеңге арналған базалық мөлшерлеменің құны;

$\text{К}_{\text{п1}}, \text{К}_{\text{п2}}, \text{К}_{\text{пn}}$ – кезекті жоспарлы кезеңге арналған осы денсаулық сақтау субъектісі бойынша түзету коэффициенттері (Кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен экологиялық коэффициент, ауылдық аумақтың коэффициенті, жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті және басқа да түзету коэффициенттері).

36. Патологоанатомиялық диагностиканы көрсетуге, қан компоненттерін өндіруге арналған тарифтер осы Әдістеменің 13-15-тармақтарына сәйкес формула бойынша есептеледі.

3-параграф. Онкологиялық науқастарға көрсетілген медициналық көмек үшін тарифтер қалыптастыру алгоритмі

37. Мыналарды:

терминалдық (соңғы) сатысындағы науқастарға стационарлық және стационарды алмастыратын көмек нысанында паллиативтік көмекті және мейірбике күтімін;

осы онкологиялық диспансердің есебінде тұрмаған онкологиялық науқастарға (бұдан әрі – өзге қалалық науқас), олардың еркін таңдау құқығын іске асыру шеңберінде стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек нысанында мамандандырылған медициналық көмек көрсетуді;

таргеттік препараттармен және химиялық препараттармен қамтамасыз етуді, сәулелік терапияны;

жоғары технологиялық медициналық қызметтерді қолданумен амбулаториялық-емханалық, стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмекті;

ақы төлеу бір емделіп шығу жағдайы үшін тариф бойынша стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсеткені үшін жүзеге асырылатын республикалық денсаулық сақтау ұйымдарын (бұдан әрі – онкологиялық науқастарға медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектісі) қоспағанда, денсаулық сақтау субъектілеріне ТМККК шеңберінде онкологиялық науқастарға көрсеткен медициналық қызметтер үшін ақы төлеу бір онкологиялық науқасқа шаққандағы кешенді тариф бойынша жүзеге асырылады.

38. Онкологиялық науқастарға медициналық қызметтер көрсететін денсаулық сақтау субъектісіне лимфа және қан өндіру тіндерінің қатерлі ісіктермен ауыратын науқастарды және он сегіз жасқа дейінгі балаларды қоспағанда, айына "Онкологиялық науқастардың электрондық тіркелімі" ақпараттық жүйеде (бұдан әрі – "ОНЭТ" АЖ) тіркелген бір онкологиялық науқасқа шаққандағы кешенді тарифті есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$K_{\text{тонко}} = (V_{\text{онко қаржы жыл}} / C_{\text{онко орт. тізім. жыл}}) / m, \text{ мұнда:}$$

$V_{\text{онко қаржы жыл}}$ – алдағы қаржы жылына арналған онкологиялық науқастарға медициналық қызметтер көрсетуге берілетін қаржыландыру көлемі;

$C_{\text{онко орт. тізім. жыл}}$ – лимфа және қан өндіру тіндерінің қатерлі ісіктермен ауыратын науқастарды және он сегіз жасқа дейінгі балаларды қоспағанда, қоспағанда, онкологиялық науқастардың жылдық ортатізімдік саны, ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$C_{\text{онко орт. тізім. жыл}} = (C_{\text{онко бас.}} + C_{\text{онко бас.}} \times K_{\text{өсім}} / 100) / 2, \text{ мұнда:}$$

$C_{\text{онко бас.}}$ – лимфа және қан өндіру тіндерінің қатерлі ісіктермен ауыратын науқастарды және он сегіз жасқа дейінгі балаларды қоспағанда, қоспағанда, қаржы жылының басында "ОНЭТ" АЖ-да тіркелген онкологиялық науқастардың саны;

$K_{\text{өсім}}$ – соңғы үш жылдағы онкологиялық науқастардың орташа өсім қарқыны, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$K_{\text{өсім}} = (C_{\text{онко соң.}(n1)} / C_{\text{онко бас.}(n1)} \times 100 + C_{\text{онко соң.}(n2)} / C_{\text{онко бас.}(n2)} \times 100 + C_{\text{онко соң.}(n3)} / C_{\text{онко бас.}(n3)} \times 100) / 3, \text{ мұнда:}$$

$C_{\text{онко бас.}}$ – лимфа және қан өндіру тіндерінің қатерлі ісіктермен ауыратын науқастарды және он сегіз жасқа дейінгі балаларды қоспағанда, қоспағанда, соңғы үш жыл кезеңіндегі (n1,2,3) жыл басында "ОНЭТ" АЖ-да тіркелген онкологиялық науқастардың саны;

$C_{\text{онко соң}}$ – лимфа және қан өндіру тіндерінің қатерлі ісіктермен ауыратын науқастарды және он сегіз жасқа дейінгі балаларды қоспағанда, қоспағанда, соңғы үш жыл кезеңіндегі (n1,2,3) жыл соңында "ОНЭТ" АЖ-да тіркелген онкологиялық науқастардың саны;

m – онкологиялық науқастарға медициналық қызметтер көрсетуге арналған қаржыландыру жүзеге асырылатын қаржы жылындағы айлардың саны.

39. Онкологиялық науқастарға медициналық қызметтер көрсететін, ақы төлеу есепті кезеңдегі бір онкологиялық науқасқа шаққандағы кешенді тариф бойынша жүзеге асырылатын денсаулық сақтау субъектілері үшін қаржыландыру көлемін есептеу мынадай формула бойынша айқындалады:

$$V_{\text{онко қаржы}} = C_{\text{онко орт.тізім}} \times K_{\text{тонко}}, \text{ мұнда:}$$

$C_{\text{онко орт.тізім}}$ – лимфа және қан өндіру тіндерінің қатерлі ісіктермен ауыратын науқастарды және он сегіз жасқа дейінгі балаларды қоспағанда, қоспағанда, онкологиялық науқастардың есепті кезеңдегі ортатізімдік саны есепті кезеңнің әрбір күнтізбелік күнінде "ОНЭТ" АЖ-да тіркелген онкологиялық науқастардың санын қосу және осы есепті кезең айындағы күнтізбелік күндер санына алынған соманы бөлу арқылы есептеледі.

4-параграф. Психикалық бұзылулардан (аурулардан) зардап шегетін науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін тарифтерді қалыптастыру алгоритмі

40. ТМККК шеңберінде психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін ақы төлеу ТМККК шеңберінде оларға ақы төлеу орташа есеп айырысу құны бойынша емделіп шығу жағдайы үшін және бір төсек-күн үшін жүзеге асырылатын стационарлық көмек нысанында мамандандырылған медициналық көмек көрсететін республикалық денсаулық сақтау ұйымдарын қоспағанда, (бұдан әрі – психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар науқастарға медициналық-әлеуметтік көмекті көрсететін денсаулық сақтау субъектісі) денсаулық сақтау субъектілеріне психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар бір науқасқа кешенді тариф бойынша жүзеге асырылады.

41. Психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар бір науқасқа кешенді тариф мыналарды қамтиды және көздейді:

1) психикалық және мінез-құлқы бұзылулардың (аурулардың) алдын алуға, психикалық денсаулықты тексеруге, психикалық бұзылуларды диагностикалауға,

психикалық және мінез-құлқының бұзылулардан (аурулардан) зардап шегетін адамдарды емдеуге, күтім жасауға және медициналық-әлеуметтік оңалтуға бағытталған қызметтер;

2) психикалық және мінез-құлқы бұзылулардың (аурулардың) алдын алуға, диспансерлік есепте тұрмайтын азаматтардың психикалық денсаулығын тексеруге бағытталған қызметтер;

3) психикалық және мінез-құлқы бұзылулардан (аурулардан) зардап шегетін адамдарға білікті, мамандандырылған, медициналық-әлеуметтік көмек көрсету, оның ішінде мынадай нысандарда әлеуметтік-еңбектік оңалту: жедел медициналық көмек, амбулаториялық-емханалық көмек: консультациялық-диагностикалық көмек, стационарлық және стационарды алмастырушы көмек, оның ішінде мәжбүрлеп емдеу шараларын қолдану туралы сот шешімі бойынша стационарлық емдеу.

42. Психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар бір науқасқа кешенді тарифті есептеу айына ПНТ-та тіркелген психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісіне мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$K_{\text{тпсих}} = (V_{\text{псих}} \cdot \text{қарж.}_{\text{жыл}} / C_{\text{ср.спис.псих}} \cdot \text{год}) / m, \text{ онда:}$$

$V_{\text{псих}} \cdot \text{қарж.}_{\text{жыл}}$ – психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуге арналған келесі қаржы жылына қаржыландыру көлемі;

$C_{\text{псих}} \cdot \text{орт.тізім.жыл}$ – психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар науқастардың жылдық орташа тізімдік саны, ол мынадай формуламен есептеледі:

$$C_{\text{псих}} \cdot \text{орт.тізім.жыл} = (C_{\text{псих бас.}} + C_{\text{псих бас.}} \cdot x \cdot \text{Қөсім} / 100) / 2, \text{ мұнда:}$$

$C_{\text{псих бас.}}$ – қаржы жылының басындағы ПНТ тіркелген психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар науқастардың саны;

$K_{\text{өсім}}$ – психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар науқастардың соңғы үш жылдағы орташа өсу қарқыны, ол мынадай формула бойынша анықталады:

$$K_{\text{өсім}} = (C_{\text{псих соң.}}(n1) / C_{\text{псих бас.}}(n1) \cdot 100 + C_{\text{псих соң.}}(n2) / C_{\text{псих бас.}}(n2) \cdot 100 + C_{\text{псих соң.}}(n3) / C_{\text{псих бас.}}(n3) \cdot 100) / 3, \text{ мұнда:}$$

$C_{\text{псих бас.}}$ – соңғы үш жыл кезеңінде (n1,2,3) жылдың басындағы ПНТ тіркелген психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар науқастардың саны;

$C_{\text{псих соң.}}$ – соңғы үш жыл кезеңінде (n1,2,3) жылдың соңындағы ПНТ тіркелген психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар науқастардың саны;

m – психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуге арналған қаржыландыру іске асырылатын қаржылық жылдағы айлар саны.

43. Оларға ақы төлеу психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар бір науқасқа кешенді тариф бойынша жүзеге асырылатын психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілері үшін қаржыландыру көлемін есептеу есептік кезеңге мынадай формуламен анықталады:

$$V_{\text{псих.қарж.}} = C_{\text{псих.орт.тізім.}} \times K_{\text{псих.}}, \text{ мұнда:}$$

$C_{\text{псих.орт.тізім.}}$ – есептік кезеңге психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар науқастардың орта тізімдік саны есептік кезеңнің әрбір күнтізбелік күніне ПНТ тіркелген психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар науқастардың санын қосу және алынған соманы аталған есептік кезеңнің айындағы күнтізбелік күндердің санына бөлу жолы арқылы есептеледі.

5-параграф. Маскүнемдікпен, нашақорлықпен және токсикоманиямен ауыратын

науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін тарифтерді қалыптастыру алгоритмі

44. Психикалық белсенді заттарды қабылдау әсерінен психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек үшін ақы төлеу ТМККК шеңберінде психикалық белсенді заттарды қабылдау (бұдан әрі – ПБЗ) әсерінен психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар бір науқасқа кешендік тариф бойынша денсаулық сақтау субъектілеріне ТМККК шеңберінде ақы төлеу бір төсек-күн үшін төленетін стационарлық көмек түрінде мамандандырылған медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтаудың республикалық ұйымдарын қоспағанда (бұдан әрі – психикалық белсенді заттарды қабылдау әсерінен психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі) жүргізіледі.

45. ПБЗ қабылдау әсерінен психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар бір науқасқа кешендік тариф мыналарды қамтиды:

1) маскүнемдікпен, нашақорлықпен және токсикоманиямен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсетуге, маскүнемдікті, нашақорлықты және ПБЗ қабылдау әсерінен болған токсикоманияны диагностикалауға бағытталған қызметтер, маскүнемдікпен, нашақорлықпен және ПБЗ қабылдау әсерінен болған токсикоманиямен ауыратын адамдарды емдеу, қарау және медициналық-әлеуметтік оңалту, ПБЗ қабылдау фактісін анықтау үшін

медициналық қуаландыру, оның ішінде, мәжбүрлеп емдеуді қолдану туралы сот шешімімен стационарлық емдеу, уақытша бейімдеу және уытсыздандыру орталықтарында ұстау;

2) маскүнемдікпен, нашақорлықпен және токсикоманиямен ауыратын адамдарға білікті, мамандандырылған, медициналық-әлеуметтік көмек, оның ішінде, әлеуметтік-еңбектік оңалту көмектерін төмендегі түрде көрсету: жедел медициналы көмек, консультациялық-диагностикалық көмек, стационарлық және стационарлық көмекті ауыстыратын көмек.

46. ННР-да тіркелген ПБЗ қабылдау әсерінен психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар бір науқасқа кешендік тариф есебін бір айға ПБЗ қабылдау әсерінен психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі мына формула бойынша жүзеге асырады:

$$K_{\text{тнарко}} = (V_{\text{қарж'нарко_жыл}} / C_{\text{орт.тізім.нарко жыл}}) / m, \text{ мұнда:}$$

$V_{\text{қарж'псих_жыл}}$ – алдағы қаржы жылындағы ПБЗ қабылдау әсерінен психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді қаржыландыру көлемі;

$C_{\text{орт'тізім.нарко жыл}}$ – ПБЗ қабылдау әсерінен психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар науқастардың жылдық орташа тізімдік саны, мынадай формула бойынша есептеледі:

$$C_{\text{орт'тізім.нарко жыл}} = (C_{\text{нарко басы.}} + C_{\text{нарко басы.}} \times K_{\text{өсімбарысы}}/100)/2, \text{ мұнда:}$$

$C_{\text{нарко басы.}}$ – ННР-да тіркелген ПБЗ қабылдау әсерінен психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар науқастардың қаржы жылы басындағы саны;

$K_{\text{өсімбарысы}}$ – соңғы үш жылдағы ПБЗ қабылдау әсерінен психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар науқастар өсімінің орташа қарқыны, мына формула бойынша анықталады:

$$K_{\text{өсімбарысы}} = (C_{\text{нарко соңы}}(n1) / C_{\text{нарко басы.}}(n1) \times 100 + C_{\text{нарко соңы}}(n2) / C_{\text{нарко басы.}}(n2) \times 100 + C_{\text{нарко соңы}}(n3) / C_{\text{нарко басы.}}(n3) \times 100) / 3, \text{ мұнда:}$$

$C_{\text{нарко басы.}}$ – соңғы үш жыл бойында (n1,2,3) жыл басындағы наркологиялық науқастар регистріне тіркелген ПБЗ қабылдау әсерінен психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар науқастар саны;

$C_{\text{нарко соңы}}$ – соңғы үш жыл бойында (n1,2,3) жыл соңындағы ННР-да тіркелген ПБЗ қабылдау әсерінен психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар науқастар саны;

m – қаржы жылында ПБЗ қабылдау әсерінен психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді қаржыландыру жүргізілетін айлар саны.

47. ПБЗ қабылдау әсерінен психикалық және мінез-құлық ауытқушылығына шалдыққан бір науқасқа кешендік тариф есебін бір айға ПБЗ қабылдау әсерінен психикалық және мінез-құлық ауытқушылығына шалдыққан науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерін қаржыландыру көлемін есептеу, есеп берілетін жылға мына формула бойынша анықталады:

$$V_{\text{қаржнарко}} = C_{\text{орт'тізім.нарко}} \times K_{\text{тнарко}}, \text{ мұнда:}$$

$C_{\text{орт'тізім.нарко}}$ – есептік кезеңдегі ННР-да тіркелген ПБЗ қабылдау әсерінен психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар науқастар орташа тізімдік санын психикалық белсенді заттарды қабылдау әсерінен психикасы мен мінез-құлқының бұзылулары бар науқастар санын есептік кезеңнің әрбір күнтізбелік күніне сомалап, одан шыққан соманы сол есептік кезеңдегі айдың күнтізбелік күндерінің санына бөлу арқылы есептеледі.

6-параграф. Туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін тарифтерді қалыптастыру алгоритмі

48. Туберкулезбен ауыратын науқастарға ТМККК шеңберінде медициналық және әлеуметтік көмек көрсету үшін төлем бір жағдайға байланысты стационарлық және стационарлық ауыстыратын емделуді қамтамасыз ету үшін төленетін төлем республикалық денсаулық сақтау ұйымдарын қоспағанда, денсаулық сақтау субъектілеріне туберкулезбен ауыратын бір адам үшін күрделі тариф бойынша жүзеге асырылады (бұдан әрі – туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық және әлеуметтік көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі).

49. Туберкулезге шалдыққан бір науқас үшін кешенді тариф мыналарды көздейді:

1) аурудың күдігі бар адамдарда туберкулезді анықтау бойынша емдеу-диагностикалық шараларды жүзеге асыру;

2) туберкулезбен ауыратын адамдарға (белсенді туберкулезге) және туберкулезге қарсы диспансерлерде диспансерлік бақылауына тұрған адамдарға диспансерлік бақылауға алу емдеу-диагностикалық шараларды жүргізуді қамтамасыз ету;

3) туберкулезбен ауыратын адамдарға әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету.

50. Туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық және әлеуметтік көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымына ЖРВТ-де тіркелген бір айдағы туберкулезбен ауыратын науқастарға кешенді тарифті есептеу формуласы бойынша жүзеге асырылады:

$$K_{\text{туб}} = (V_{\text{туб.қар.жыл}} / C_{\text{туб.орт.тізім.жыл}}) / m, \text{ мұнда:}$$

$V_{\text{туб.қар.жыл}}$ – алдағы жылға қаржы жылына арналған туберкулезге қарсы науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету үшін қаржыландыру;

$C_{\text{туб.орт.тізім.жыл}}$ – туберкулезбен ауыратындардың жылдық орташа тізімдік саны, ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$C_{\text{туб.орт.тізім.жыл}} = (C_{\text{туб.бас.}} + C_{\text{туб.бас.}} \times K_{\text{өсім}} / 100) / 2,$$

$C_{\text{туб.бас.}}$ – қаржы жылының басында ТАНҰТ-та тіркелген туберкулезбен ауыратындардың саны;

$K_{\text{өсім}}$ – формула бойынша анықталады соңғы үш жылда туберкулезбен ауыратын науқастар орташа өсу қарқыны:

$$K_{\text{өсім}} = (C_{\text{туб.соң.}}(n1) / C_{\text{туб.бас.}}(n1) \times 100 + C_{\text{туб.соң.}}(n2) / C_{\text{туб.бас.}}(n2) \times 100 + C_{\text{туб.соң.}}(n3) / C_{\text{туб.бас.}}(n3) \times 100) / 3, \text{ мұнда:}$$

$C_{\text{туб.бас.}}$ – (n1,2,3) кезең үшін жылдың басында ТАНҰТ-та тіркелген туберкулезбен ауыратын науқастар саны соңғы үш жылда;

$C_{\text{туб.соң.}}$ – (n1,2,3) кезең үшін жыл соңында ТАНҰТ-та тіркелген туберкулезбен ауыратын науқастар саны соңғы үш жылда;

m – қаржылық жылдағы айлар саны, оның барысында туберкулезбен ауыратын науқастарға медициналық және әлеуметтік қызметтер көрсету үшін қаржыландыру қарастырылатын боладық-диагностикалық шараларды қамтамасыз ету;

$$V_{\text{туб.қарж.}} = C_{\text{туб.орт.тізім.}} \times K_{\text{туб}}, \text{ мұнда:}$$

$C_{\text{туб.орт.тізім.}}$ – есепті кезеңде туберкулезбен ауыратын науқастардың орташа саны есептік кезеңнің әрбір күнтізбелік күнінде және осы есепті кезеңде күнтізбелік күн санына түскен соманы бөлу арқылы ТАНҰТ-та тіркелген науқастардың санын есептеу жолымен есептеледі.

7-параграф. АИТВ инфекциясын жұқтырғандарға және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсеткені үшін тарифтерді қалыптастыру алгоритмі

52. ТМККК шеңберінде АИТВ инфекциясын жұқтырғандарға және ЖИТС-пен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсету үшін ақы төлеу бір медициналық қызметті көрсетуге арналған тариф бойынша төлем жүргізілетін консультациялық-диагностикалық көмек нысанында мамандандырылған медициналық көмек көрсететін ұйымдарды қоспағанда, денсаулық сақтау субъектілеріне бір АИТВ инфекциясын жұқтырғанға және ЖИТС-пен ауыратын науқасқа шаққанда кешенді тариф бойынша жүзеге асыралыды (бұдан әрі – АИТВ инфекциясын жұқтырғандарға және ЖИТС-пен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісі).

53. Бір АИТВ инфекциясын жұқтырғанға және ЖИТС-пен ауыратын науқасқа шаққандағы кешенді жоспар мынаны қамтиды:

1) амбулаториялық-емханалық көмек нысанында білікті, мамандандырылған, медициналық-әлеуметтік көмекті қамтамасыз ету: АИТВ инфекциясын жұқтырғандарға және ЖИТС-пен ауыратын науқастарға консультациялық-диагностикалық көмекті, оның ішінде АИТВ-инфекциясын анадан ұрыққа және ерте жастағы балаға берілу қауіпін төмендету жөніндегі профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыру;

2) құпия медициналық тексеріп-қарауды қамтамасыз ету, психологиялық-әлеуметтік, заң консультацияларын ұсыну, сенім пунктерінің, достық кабинеттерінің жұмыс істеуі, халық арасында АИТВ-инфекциясын профилактикалау жөніндегі іс-шараларды іске асыру;

3) уәкілетті орган бекіткен АИТВ жұқтырудың жоғары қауіп-қатері бойынша халықтың осал топтарына жататын тұлғалардың арасында емдеу-профилактикалық іс-шараларды жүргізу;

4) стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмекті және бастапқы медициналық-санитариялық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің пациенттері үшін АИТВ-инфекциясына талдаулар жүргізу.

54. Айына бір АИТВ инфекциясын жұқтырғанға және ЖИТС-пен ауыратын науқасқа, АИТВ-инфекциясын жұқтырғандарға және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектісіне арналған кешенді тарифті есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$K_{\text{АИТВ}} = (V_{\text{қарж.}} \text{ _жылға АИТВ} / C_{\text{жылына АИТВ орташа тізімі}}) / m, \text{ мұнда:}$$

$V_{\text{қарж.}} \text{ _жылға АИТВ}$ – АИТВ инфекциясын жұқтырғанға және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуге арналған қаржыландыру көлемі;

$C_{\text{АИТВ орт.тізім.жыл}}$ – АИТВ инфекциясын жұқтырғандардың және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастардың жылдық орташа тізімдік саны, ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$C_{\text{АИТВ орт.тізім.жыл}} = (C_{\text{АИТВ бас.}} + C_{\text{АИТВ бас.}} \times K_{\text{өсім}}/100)/2, \text{ мұнда:}$$

$C_{\text{АИТВ бас.}}$ – қаржы жылының басында АИТВ инфекциясын жұқтырғандарға және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастарға консультативтік-диагностикалық көмек нысанында мамандандырылған медициналық көмек көрсететін республикалық денсаулық сақтау ұйымы ресми ұсынған АИТВ инфекциясын жұқтырғандар және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастардың саны;

$K_{\text{өсім}}$ – АИТВ инфекциясын жұқтырғандар және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастардың соңғы үш жылдағы өсімінің орташа қарқыны мына формула бойынша есептеледі:

$$K_{\text{өсім}} = (C_{\text{АИТВ соң.}(n1)} / C_{\text{АИТВ бас.}(n1)} \times 100 + C_{\text{АИТВ соң.}(n2)} / C_{\text{АИТВ бас.}(n2)} \times 100 + C_{\text{АИТВ соң.}(n3)} / C_{\text{АИТВ бас.}(n3)} \times 100)/3, \text{ мұнда:}$$

$C_{\text{АИТВ бас.}}$ – соңғы үш жыл мерзімінде (n1,2,3) жылдың басында АИТВ инфекциясын жұқтырғандарға және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастарға консультативтік-диагностикалық көмек нысанында мамандандырылған медициналық көмек көрсететін республикалық денсаулық сақтау ұйымы ресми ұсынған АИТВ инфекциясын жұқтырғандар және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастардың саны;

$C_{\text{АИТВ соң.}}$ – соңғы үш жыл мерзімінде (n1,2,3) жылдың соңында АИТВ инфекциясын жұқтырғандарға және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастарға консультативтік-диагностикалық көмек нысанында мамандандырылған медициналық көмек көрсететін республикалық денсаулық сақтау ұйымы ресми ұсынған АИТВ инфекциясын жұқтырғандар және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастардың саны;

m – АИТВ инфекциясын жұқтырғандар және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік қызметтерді көрсетуге арналған қаржыландыру жүзеге асырылатын қаржы жылындағы айлар саны.

55. АИТВ жұқтырғандар және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастарға медициналық-әлеуметтік қызмет көрсететін, төлемі есеп беріп отырған мерзімде бір АИТВ жұқтырғанға және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқасқа шаққанда кешенді тариф бойынша жүзеге асырылатын денсаулық сақтау субъектілері үшін қаржыландыру көлемін есептеу мына формула бойынша анықталады:

$$V_{\text{қарж. АИТВ}} = C_{\text{АИТВ орт.тізім.}} \times K_{\text{Т АИТВ}}, \text{ мұнда:}$$

$C_{\text{АИТВ орт.тізім}}$ – есеп беріп отырған мерзімдегі АИТВ инфекциясын жұқтырғандар және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастардың орта тізімдік саны есеп беріп отырған мерзімнің әр күнтізбелік күні тіркелген АИТВ инфекциясын жұқтырғандар және (немесе) ЖИТС-пен ауыратын науқастардың санын қосу және алынған соманы осы есеп беріп отырған мерзімдегі айдың күнтізбелік күніне бөлу жолымен есептеледі.

8-параграф. Жедел медициналық көмек көрсеткені үшін және санитариялық авиацияға арналған тарифтерді қалыптастыру алгоритмі

56. Жедел медициналық көмек станциясының деңгейінде жедел медициналық көмек (бұдан әрі – ЖК) көрсететін денсаулық сақтау субъектілеріне және " Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рұқсат ету құжаттары бар денсаулық сақтау ұйымдарына ақы төлеу тіркелген халыққа шақыртулардың 4 жеделдік санатындағы ЖК-ті қоспағанда, жан басына шаққандағы жедел медициналық көмек көрсету норматив бойынша жүзеге асырылады.

57. ЖК көрсететін денсаулық сақтау субъектілері үшін айына бір тұрғынға ЖК-ге арналған жан басына шаққандағы нормативті есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$ЖШН_{ЖК(субъект)} = (ЖШН_{баз.ЖККР} * ЖТК_{ЖК} + ЖШН_{баз.ЖККР} * (K_{обл.тығыз.} - 1) + ЖШН_{баз.ЖККР} * (K_{обл.жылу} - 1) + ЖШН_{баз.ЖККР} * (K_{ауыл.обл.} - 1)) * K_{субъект ЖК} + V_{экол.ЖК} / C_{субъект} / ш, мұнда:$$

$ЖТК_{ЖК}$ – субъект бойынша халықтың медициналық қызметтерді тұтынуының жынысы-жасы бойынша түзету коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$ЖТК_{ЖК} = \sum (С_{ЖК k/n} \times ЖТК_{ЖК(n)}) / C_{субъект}, \text{ мұнда:}$$

$C_{субъект}$ – "БХТ" АЖ-да тіркелген субъектіге бекітілген халықтың саны;

$C_{ЖК k/n}$ – n нөмірлі жастық-жыныстық топқа жататын k нөмірлі халықтың " БХТ" АЖ-да тіркелген жедел жәрдем көрсету субъектісіне бекітілген халықтың саны;

$ЖТК_{ЖК(n)}$ – n нөмірлі жастық-жыныстық топтың Амбулаториялық-емханалық көмектің кешенді жан басына шаққандағы нормативін есептеудің кешенді формуласына кестеге сәйкес жынысы-жасы бойынша түзету коэффициенті.

Субъектіге бекітілген халықтың саны мен халықтың жыныстық-жастық құрамы халықты ерікті бекіту науқанының нәтижесі бойынша немесе айдың

соңғы күніндегі ахуал бойынша "БХТ" АЖ-ның базасындағы халық жөніндегі деректердің негізінде айқындалады, олар алдағы қаржы жылы ауыл тұрғындарына АЕК көрсетуге арналған қаржыландыру көлемін есептеу үшін немесе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның шешімі бойынша ағымдағы қаржы жылы ішінде оны түзету үшін пайдаланылады.

$V_{\text{экол-қр}}$ – Арал өңірінің азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚР Заңына және ССЯП азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚР Заңына сәйкес экологиялық апатты аймақтарда жұмыс істегені үшін үстемеақыны төлеуге арналған қаражаттың жылдық көлемі.

$K_{\text{обл. тығыз}}$ – осы Әдістеменің 1-қосымшасындағы 4-тармағына сәйкес формула бойынша айқындалатын осы облыс, республикалық маңызы бар қала мен астана бойынша халық тығыздығының коэффициенті;

$K_{\text{обл. жылу}}$ – осы Әдістеменің 1-қосымшасындағы 5-тармағына сәйкес формула бойынша айқындалатын облыс (республикалық маңызы бар қала мен астана) үшін жылу беру маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті;

$K_{\text{ауыл.обл.}}$ – облыстар үшін ауылдық жерлерде жұмыс істегені үшін үстемеақыны есепке алу коэффициенті;

$$K_{\text{ауыл.обл.}} = 1 + 0,25 \times (C_{\text{ауыл}} / C_{\text{обл.}} \times ЖҮ_{\text{н}}), \text{ мұнда:}$$

$ЖҮ_{\text{ауыл}}$ – ауыл субъектілерінің ағымдағы шығындарының жалпы көлеміндегі лауазымдық жалақы бойынша еңбекақы төлеу шығындарының үлесі.

Республикалық маңызы бар қала мен астанаға арналған ауылдық елді мекенде жұмыс істегені үшін үстемеақыны есепке алу коэффициенті 1,0-ге тең;

$K_{\text{субъект ЖК}}$ – тарифті түзету және тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында Кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган айқындаған денсаулық сақтау субъектісі үшін белгіленетін түзету коэффициенті. Түзету коэффициентінің мөлшерін есептеу және оны бекітуді уәкілетті орган жүзеге асырады;

$ЖШН_{\text{баз.ЖК(қр)}}$ – түзету коэффициенттерін есепке алмай айқындалған, Қазақстан Республикасының аумағында бірыңғай болып табылатын, Кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен бір айда "БХТ" АЖ-да тіркелген бекітілген бір адамға арналған ЖК базалық жан басына шаққандағы норматив, және мына формула бойынша есептеледі:

$$ЖШН_{\text{баз.ЖК(қр)}} = ЖШН_{\text{орт.ЖК(қр)}} / ЖТК_{\text{қр}} + (K_{\text{тығыз.қр}} - 1) + (K_{\text{жылыту.қр}} - 1) + (K_{\text{ауыл.қр}} - 1), \text{ мұнда:}$$

$ЖШН_{\text{баз.ЖК(қр)}}$ – экологиялық апатты аймақтарда үстемеақы төлеуге арналған қаражатты қоспағанда, алдағы қаржы жылына ел бойынша айына бір

тұрғынға шаққандағы ЖК орташа жан басына шаққандағы норматив, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{ЖШН}_{\text{орт.ЖК(кр)}} = (V_{\text{СП-кр}} - V_{\text{экол-кр}}) / C_{\text{кр}} / m, \text{ мұнда:}$$

$V_{\text{ЖК(кр)}}$ – халыққа ЖК көрсету үшін ел бойынша қаржыландырудың жоспарлы жылдық көлемі;

$V_{\text{экол-кр}}$ – Арал өңірінің азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚР Заңына және ССЯП азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚР Заңына сәйкес экологиялық апатты аймақтарда жұмыс істегені үшін үстемеақыны төлеуге арналған қаражаттың жылдық көлемі;

$C_{\text{кр}}$ – халықты еркін бекіту науқанының нәтижесі бойынша немесе есепті кезеңнің алдағы қаржы жылына немесе қаржыландыру көлемін есептеу үшін пайдаланылатын айының соңғы күніндегі ахуал бойынша "БХТ" АЖ-да тіркелген, барлық МСАК субъектісіне бекітілген халықтың саны;

m – ЖК қаржыландыру жүзеге асырылатын қаржылық жылдағы айлардың саны;

$K_{\text{ауыл.кр.}}$ – ел бойынша ауылдық жерлерде жұмыс істегені үшін үстемеақыны есепке алудың орташа коэффициенті;

$V_{\text{экол-жк}}$ – Арал өңірінің азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚР Заңы және ССЯП азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚР Заңына сәйкес облыс деңгейінде қалыптастырылатын субъектіге экологиялық апат аймақтарында жұмыс істегені үшін үстемеақы төлеуге көзделген қаражаттың жылдық көлемі;

m – МСАК субъектісін қаржыландыру жүзеге асырылатын қаржы жылындағы айлардың саны;

$K_{\text{ауыл.обл.}}$ – облыстар үшін ауылдық жерлерде жұмыс істегені үшін үстемеақыны есепке алу коэффициенті;

$$K_{\text{ауыл.обл.}} = 1 + 0,25 \times (C_{\text{ауыл}} / C_{\text{обл.}} \times \text{ЖҮ}_{\text{ауыл}}), \text{ мұнда:}$$

$\text{ЖҮЖК}_{\text{ауыл}}$ – ЖК субъектілерінің ағымдағы шығындарының жалпы көлеміндегі лауазымдық жалақы бойынша еңбекақы төлеу шығындарының үлесі.

Республикалық маңызы бар қала мен астанаға арналған ауылдық елді мекенде жұмыс істегені үшін үстемеақыны есепке алу коэффициенті 1,0-ге тең.

58. ЖК субъектісі үшін жан басына шаққандағы норматив бойынша ЖК-ті қаржыландыру көлемін есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$V_{\text{ЖК}} = C_{\text{ЖК}} \times \text{ЖШН}_{\text{ЖК}} \times m, \text{ мұнда:}$$

$V_{\text{ЖК}}$ – алдағы қаржы жылына немесе есепті кезеңге арналған ЖК субъектісін қаржыландыру көлемі;

$C_{ЖК}$ – ТМККК көрсету шартына сәйкес ЖК субъектісі қызмет көрсететін халықтың саны;

$ЖШН_{ЖК}$ – айына "БХТ" АЖ-да тіркелген, ЖК субъектісі үшін айқындалған бір бекітілген адамға шаққандағы ЖК жан басына шаққандағы нормативі;

m – қаржыландыру көлемін есептеу үшін пайдаланылатын кезеңдегі айлардың саны.

ЖК жан басына шаққандағы нормативі бойынша ЖК субъектісін қаржыландыру көлемі көрсетілген қызметтердің көлеміне байланысты емес.

59. Көрсетілген жедел медициналық көмекке ақы төлеу "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рұқсат ету құжаттары бар денсаулық сақтау ұйымдарын қоса орындау үшін тарту жағдайда жедел медициналық көмекті бір шақыру үшін тариф бойынша жүзеге асырылады, ол осы Әдістеменің 13-15-тармақтарына сәйкес формула бойынша анықталады.

60. Білікті мамандарды және (немесе) науқастарды әр түрлі жер бетіндегі транспорттармен тасымалдаумен байланысты медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілеріне ақы төлеу медициналық көмекті бір шақыру үшін тариф бойынша жүзеге асырылады, ол мынадай формула бойынша анықталады:

$$T_{ш} = V_{қарж} / C_{ш}, \text{ мұнда:}$$

$T_{ш}$ – білікті мамандарды және (немесе) науқастарды әр түрлі жер бетіндегі транспорттармен тасымалдаумен байланысты медициналық көмекті бір шақыру үшін тариф;

$V_{қарж}$ – білікті мамандарды және (немесе) науқастарды әр түрлі жер бетіндегі транспорттармен тасымалдаумен байланысты медициналық көмекті көрсетуге денсаулық сақтау субъектісінің кезекті жоспарлы кезеңге арналған қаржыландыру көлемі;

$C_{ш}$ – денсаулық сақтау субъектісінің кезекті жоспарлы кезеңге арналған білікті мамандарды және (немесе) науқастарды әр түрлі жер бетіндегі транспорттармен тасымалдаумен байланысты медициналық көмекті шақыру саны.

61. Санитариялық авиацияның көрсетілген медициналық қызметтері үшін ақы төлеу көлік және медициналық қызметтерге арналған тарифтер бойынша жүзеге асырылады.

Санитариялық авиацияның медициналық қызметтеріне арналған тариф мынадай формула бойынша айқындалады:

$$T_{мк} = V_{мк қарж} / C_c, \text{ мұнда:}$$

$T_{\text{МК}}$ – санитариялық авиацияның медициналық қызметінің бір сағаты үшін тариф;

$V_{\text{МК қарж}}$ – санитариялық авиацияның медициналық қызметтерін көрсетуге кезекті жоспарлы кезеңге арналған қаржыландыру көлемі;

C_c – медициналық қызметтер көрсетудің жоспарланып отырған сағаттарының саны.

Санитариялық авиацияның көлік қызметтеріне арналған тариф білікті мамандарды және (немесе) науқасты көліктің түрлі түрлерімен тасымалдауға байланысты шығыстарды қамтиды және әлеуетті қызметтер берушілердің ұсыныстарының орташа құны бойынша айқындалады.

9-параграф. Ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсеткені үшін тарифтерді қалыптастыру алгоритмі

62. Кодекстің 34-бабының 1-тармағына және Заңның 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес айқындалатын медициналық көмек нысандарының тізбесі бойынша медициналық қызметтер кешенін көрсететін аудандық маңызы бар және ауылдың денсаулық сақтау субъектілеріне (бұдан әрі – ауылдың субъектісі) қаржыландыру көлемін айқындау үшін тариф ауыл тұрғындарына арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив болып табылады.

63. Ауыл тұрғындарына арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив МСАК көрсететін ауыл субъектілері үшін айына "БХТ" АЖ-да тіркелген бір ауыл тұрғынына есептегенде айқындалады және оның құрамында ауыл тұрғындарына арналған кешенді жан басына шаққандағы нормативтің кепілдік берілген компоненті мен ЖБНЫК бар.

Ауыл тұрғындарына арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив МСАК көрсетпейтін ауыл субъектілері үшін осы өңір немесе ауыл бойынша айына "БХТ" АЖ-да тіркелген бір ауыл тұрғынына есептегенде айқындалады және оның құрамында ауыл тұрғындарына арналған кешенді жан басына шаққандағы нормативтің кепілдік берілген компоненті бар.

64. Ауыл тұрғындарына арналған кешенді жан басына шаққандағы нормативтің кепілдік берілген компоненті осы Әдістеменің 3-тармағына сәйкес МСАК, КДК, жедел медициналық көмек, стационарды алмастыратын және стационарлық медициналық көмек нысандарында көрсетілетін медициналық көмектің, оның ішінде дәрігерге дейінгі, білікті, мамандандырылған, медициналық-әлеуметтік түрлері бойынша ауыл тұрғындарына ТМККК шеңберінде және (немесе) МӘМС жүйесіндегі медициналық қызметтер кешенін

камтамасыз ету бойынша ауыл субъектісінің қызметімен байланысты шығындарды қамтиды.

Ауыл тұрғындарына арналған кешенді жан басына шаққандағы нормативтің кепілдік берілген компонентінің мөлшері медициналық көмектің нысандары (МСАК, ҚДК, стационарды алмастыратын көмек, стационарлық көмек) бойынша ауыл субъектілерінің құрылымына байланысты белгіленеді.

65. Кешенді жан басына шаққандағы нормативтің ынталандырушы компоненті осы Әдістеменің 9-11-тармақтарына сәйкес айқындалады.

66. Ауыл субъектілері үшін бір айға ауыл тұрғындарына арналған кешенді жан басына шаққандағы нормативті есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$КЖН_{ауыл} = КЖН_{ауыл\ кепіл.} + S_{жнык}, \text{ мұнда:}$$

$КЖН_{ауыл}$ – айына "БХТ" АЖ-да тіркелген бір бекітілген адамға шаққандағы ауыл тұрғындарына арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив;

$S_{жнык}$ – айына "БХТ" АЖ-да тіркелген, ауыл субъектісіне бекітілген бір адамға шаққандағы ЖНЫК сомасы;

$КЖН_{ауыл\ кепіл.}$ – айына "БХТ" АЖ-да тіркелген, ауыл субъектісіне бекітілген бір адамға шаққандағы ауыл тұрғындарына арналған кешенді жан басына шаққандағы нормативтің кепілдік берілген компоненті, ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$КЖН_{ауыл\ кепіл.} = (КЖН_{МСАК\ баз.} \times ЖТК_{ауыл} + КЖН_{МСАК\ баз.} \times (К_{обл.тығыз} - 1) + КЖН_{МСАК\ баз.} \times (К_{обл.жылу} - 1) + КЖН_{МСАК\ баз.} \times (К_{обл.ауыл} - 1)) \times \\ K_{ауыл\ субъектісі} + V_{ауыл_экол} / C_{ауыл} / m + (V_{ск/сат_ауыл} / C_{ауыл} / m) \times K_{ауыл\ субъектісі} + V_{мектеп_ауыл} / C_{ауыл} / m + V_{ЖК_ауыл} / C_{ауыл} / m + \\ V_{тамақ_ауыл} / C_{ауыл} / m. \text{ Мұнда:}$$

$КЖН_{баз.МСАК}$ – Кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен, осы Әдістеменің 1-қосымшасына сәйкес формула бойынша есептелетін түзету коэффициенттері есепке алынбай айқындалған, бір айда "БХТ" АЖ-да тіркелген бір бекітілген адамға шаққандағы АЕК базалық кешенді жан басына шаққандағы норматив;

$Сауыл$ – осы аудан немесе ауыл бойынша "БХТ" АЖ-да тіркелген, МСАК көрсететін ауыл субъектісіне бекітілген халықтың саны немесе "БХТ" АЖ-да тіркелген, МСАК көрсетпейтін ауыл субъектісіне бекітілген халықтың саны (бұдан әрі – ауыл субъектісіне бекітілген халықтың саны);

ТМККК шеңберінде ауыл субъектісіне бекітілген халық саны есепті кезең айының соңғы күніндегі ахуал бойынша ерікті бекіту науқанының нәтижесі бойынша "БХТ" АЖ-да тіркелген халықтың саны бойынша анықталады.

МӘМС жүйесінде ауыл субъектісіне бекітілген халық саны есепті кезең айының соңғы күніндегі ахуал бойынша Заңға сәйкес МӘМС жүйесінде медициналық қызметтерді тұтынушылар ретінде тіркелген халықтың саны бойынша анықталады.

ТМККК шеңберінде ауыл субъектісіне бекітілген халық саны есепті кезең айының соңғы күніндегі ахуал бойынша Заңға сәйкес МӘМС жүйесінде медициналық көмекке құқығы жоқ халықтың саны бойынша анықталады.

$V_{\text{мектеп-ауыл}}$ – Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 3 ақпандағы № 85 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында МСАК көрсетуді ұйымдастыру стандартына сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13392 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 85 бұйрық) МСАК субъектісіне тіркелген интернаттық ұйымдарға жатпайтын орта білім беру ұйымдарында оқитындарға медициналық көмек көрсету бойынша білім беру ұйымының медициналық пункті қызметіне байланысты республикалық бюджеттен бөлінген қаражат шеңберінде шығындарды өтеуге арналған ауыл субъектісі үшін көзделген қаражаттың жылдық көлемі;

$V_{\text{ЖК-ауыл}}$ – жіті сырқатынан немесе созылмалы аурудың асқынуынан туындаған, ағзалар мен жүйелердің кенеттен болған және айқын көрінетін бұзылуларсыз науқастың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндірмейтін пациенттің жай-күйі кезінде 4 жеделдік санаттағы шақыртуларға қызмет көрсету үшін тіркелген халыққа тәулік бойы шұғыл медициналық көмек көрсеткені үшін ауыл МСАК ұйымдарының қызметімен байланысты шығындарға ақы төлеуге республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың шегінде өңірлер бөлінісінде көзделген жылдық қаражат көлемі;

$V_{\text{тамақ-ауыл}}$ – № 666 бұйрыққа сәйкес амбулаториялық деңгейде мамандандырылған емдік өнімдермен қамтамасыз етумен байланысты шығындарға ақы төлеуге республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың шегінде көзделген жылдық қаражат көлемі;

$ЖТК_{\text{ауыл}}$ – ауыл субъектісі бойынша халықтың МСАК-ты тұтынуының жыныстық-жастық түзету коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$ЖТК_{\text{ауыл}} = \sum$$

(Сауыл k/n x ЖТКауыл (n))/ Сауыл, мұнда:

$C_{\text{ауыл } k/n}$ – "БХТ" АЖ-да тіркелген, ауыл субъектісіне бекітілген халықтың саны, n нөмірлі жыныстық-жастық топқа жататын халықтың k нөмірі;

$ЖТК_{\text{ауыл } (n)}$ – Амбулаториялық-емханалық көмектің кешенді жан басына шаққандағы нормативін есептеудің кешенді формуласына кестеге сәйкес n нөмірлі жыныстық-жастық топ халқының медициналық көрсетілетін қызметтер тұтынуының жыныстық-жастық түзету коэффициенті.

Ауыл субъектісіне бекітілген халықтың саны мен халықтың жыныстық-жастық құрамы халықты ерікті бекіту науқанының нәтижесі бойынша немесе айдың соңғы күніндегі ахуал бойынша "БХТ" АЖ-ның базасындағы халық жөніндегі деректердің негізінде айқындалады, олар алдағы қаржы жылы ауыл тұрғындарына ТМККК қызметтерінің кешенін көрсетуге арналған қаржыландыру көлемін есептеу үшін немесе уәкілетті органның шешімі бойынша ағымдағы қаржы жылы ішінде оны түзету үшін пайдаланылады.

$K_{\text{обл. тығыз.}}$ – осы Әдістеменің 1-қосымшаның 4-тармағына сәйкес формула бойынша айқындалатын облыс, республикалық маңызы бар қала мен астана бойынша халық тығыздығының коэффициенті;

$K_{\text{обл. жылу}}$ – осы Әдістеменің 1-қосымшаның 5-тармағына сәйкес формула бойынша айқындалатын облыс (республикалық маңызы бар қала мен астана) үшін жылу беру маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті;

$K_{\text{ауыл. обл.}}$ – облыстар үшін ауылдық жерлерде жұмыс істегені үшін үстемеақыны есепке алу коэффициенті;

$K_{\text{ауыл. обл.}} = 1 + 0,25 \times (\text{Сауыл} / \text{Собл.} \times \text{ЛАауыл})$, мұнда:

$TU_{\text{ауыл}}$ – ауыл субъектілерінің ағымдағы шығындарының жалпы көлеміндегі лауазымдық жалақы бойынша еңбекақы төлеу шығындарының үлесі.

Республикалық маңызы бар қала мен астана үшін ауылдық елді мекенде жұмыс істегені үшін үстемеақыны есепке алу коэффициенті 1,0-ге тең;

$K_{\text{ауыл субъектісі}}$ – халқының саны аз болған жағдайда, тығыздығы төмен аумағы анағұрлым көп және Кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен басқа аумақтық ерекшеліктер жағдайында тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында ауыл субъектісі үшін белгіленетін түзету коэффициенті. Түзету коэффициентінің мөлшерін есептеуді және оны бекітуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

$V_{\text{экол-ауыл}}$ – Арал өңірінің азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚР Заңы мен ССЯП азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚР Заңына сәйкес облыс деңгейінде қалыптастырылатын, ауыл субъектілеріне экологиялық апат

аймақтарында жұмыс істегені үшін үстемеақы төлеуге көзделген жылдық қаражаттың көлемі;

$V_{ск/сат_ауыл}$ – бекітілген халыққа стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек көрсетуге арналған ауыл субъектісі үшін қаражаттың жылдық көлемі, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$V_{ск/сат_ауыл} = V_{ск/сат_ауыл/обл./ПСск/сат_ауыл/обл.} \times EЖ_{ск/сат_ауыл} + V_{дк}$,
мұнда:

$V_{ск/сат_ауыл/обл.}$ – алдағы қаржы жылына ауыл тұрғындарына стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек нысандарында мамандандырылған медициналық көмек көрсетуге арналған қаражаттың жылдық көлемі;

$V_{дк}$ – республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың шегінде стационардан шығарылған тірі туғандарды № 666 бұйрыққа сәйкес сәбиді күтіп қарауға арналған жиынтықпен (жаңа туған нәрестенің дәрі қобдишасын) қамтамасыз етумен байланысты шығындарды төлеуге көзделген облыс бойынша жылдық қаражат көлемі;

$EЖ_{ск/сат_ауыл/обл.}$ – алдағы қаржы жылына ауыл тұрғындарына стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек нысандарында мамандандырылған медициналық көмек көрсету кезінде облыс бойынша жоспарланатын емделіп шығу жағдайларының саны, ол емделіп шығу сомасы ($EЖ_{ск/сат_ауыл}$) ретінде барлық ауыл субъектілері бойынша айқындалады;

$EЖ_{ск/сат_ауыл}$ – алдағы қаржы жылына бекітілген халыққа стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек нысандарында мамандандырылған медициналық көмек көрсету кезінде ауыл субъектісі бойынша жоспарланатын емделіп шыққан жағдайлардың саны, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$EЖ_{ск/сат_ауыл} = EЖ_{ск/а_ауыл} + EЖ_{ск/ауыл} \times \%қарқыныск/ауыл + EЖ_{сат/ауыл} + EЖ_{сат/ауыл} \times \%қарқынысат/ауыл$, мұнда:

$EЖ_{ск/ауыл}$ – бекітілген халық арасында стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек нысандарында мамандандырылған медициналық көмек көрсетілген ауыл субъектісінің өткен жылға емделіп шыққан жағдайлардың саны;

$EЖ_{сат/ауыл}$ – бекітілген ауыл тұрғындары арасында стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмек нысандарында мамандандырылған медициналық көмек көрсетілген ауыл субъектісінің өткен жылға емделіп шыққан жағдайлардың саны;

%қарқыныск/ауыл, % қарқынысат/ауыл – алдағы қаржы жылына тиісті жоспарланатын стационарлық және стационарды алмастыратын медициналық көмектің пайызда көрсетілген өсу немесе төмендеу қарқыны;

Кауыл субъектісі – халқының саны аз болған жағдайда, тығыздығы төмен аумағы анағұрлым көп және Кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен басқа аумақтық ерекшеліктер жағдайында тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында ауыл субъектісі үшін белгіленетін түзету коэффициенті. Түзету коэффициентінің мөлшерін есептеуді және оны бекітуді уәкілетті орган жүзеге асырады.

m – ауыл субъектісін қаржыландыру жүзеге асырылатын қаржы жылындағы айлардың саны;

67. Ауыл субъектісі үшін ауыл тұрғындарына арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив бойынша ауыл тұрғындарына медициналық қызметтер кешенін көрсетуге арналған қаржыландыру көлемін есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$V_{\text{ауыл қаржы}} = C_{\text{ауыл}} \times KЖН_{\text{ауыл}} \times m, \text{ мұнда:}$$

$V_{\text{ауыл қаржы}}$ – алдағы қаржы жылына немесе есепті кезеңге арналған МСАК көрсететін ауыл субъектісін қаржыландыру көлемі;

Ауыл тұрғындарына арналған кешенді жан басына шаққандағы норматив бойынша ауыл субъектісін қаржыландыру көлемі көрсетілген қызметтердің көлеміне байланысты емес.

Ауыл субъектісіне бір тұрғынға есептегендегі ЖБНЫК сомасы алдағы қаржы жылына арналған қаржыландыру көлемін айқындау кезінде республика бойынша белгіленген жоспарлы деңгей бойынша, ал есепті кезеңдегі қаржыландыру көлемін айқындау кезінде ИКК-ның алынған нақты нәтижесі негізінде айқындалады.

Тегін медициналық көмектің
кепілдік берілген көлемі
шеңберінде және
міндетті әлеуметтік
медициналық
сақтандыру жүйесінде
көрсетілетін медициналық
қызметтерге арналған
тарифтерді қалыптастыру
әдістемесіне
1-қосымша

Амбулаториялық-емханалық көмектің кешенді жан басына шаққандағы нормативін есептеудің кешенді формуласы

1. Бір айда МСАК субъектісіне "БХТ" АЖ-да тіркелген бір адамға шаққандағы АЕК кешенді жан басына шаққандағы нормативті есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$KЖН_{\text{кепіл.АЕК}} = KЖН_{\text{баз.МСАК}} \times ЖТК_{\text{МСАК}} + KЖН_{\text{баз.МСАК}} \times (K_{\text{обл.тығыз.}} - 1) + KЖН_{\text{баз.МСАК}} \times (K_{\text{обл.жылу}} - 1) + KЖН_{\text{баз.МСАК}} \times (K_{\text{МСАК субъект}} - 1) + ЖШН_{\text{баз.ҚРЖК}} \times ЖТК_{\text{ЖК}} + ЖШН_{\text{баз.ҚРЖК}} \times (K_{\text{обл.тығыз.}} - 1) + ЖШН_{\text{баз.ҚРЖК}} \times (K_{\text{обл.жылу}} - 1) + ЖШН_{\text{баз.ҚРЖК}} \times (K_{\text{обл. ауыл}} - 1) + V_{\text{экол.мсак}} / C_{\text{МСАК}} / m + V_{\text{мектеп. мсак}} / C_{\text{МСАК}} / m + V_{\text{тамақ. мсак}} / C_{\text{МСАК}} / m, \text{ мұнда:}$$

1) $KЖН_{\text{баз.МСАК}}$ – осы қосымшаның 2-тармағына сәйкес формула бойынша анықталатын МСАК субъектілері үшін Кодекстің 23-бабы 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган түзету коэффициенттерін есепке алмай бекіткен, айына "БХТ" АЖ-да алдағы қаржы жылына тіркелген бір бекітілген адамға шаққандағы АЕК базалық кешенді жан басына шаққандағы норматив;

2) $ЖТК_{\text{МСАК}}$ – осы қосымшаның 3-тармағына сәйкес анықталатын МСАК субъектісі бойынша халықтың медициналық қызметтерді тұтынуының жыныстық-жастық түзету коэффициенті;

3) $K_{\text{тығызд. қр}}$ – осы қосымшаның 4-тармағына сәйкес анықталатын ел бойынша халықтың орташа тығыздық коэффициенті;

4) $K_{\text{жылу. қр}}$ – осы қосымшаның 5-тармағына сәйкес анықталатын ел бойынша жылыту маусымының ұзақтығын есепке алудың орташа коэффициенті;

5) $K_{\text{МСАК субъект}}$ – Кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган бекіткен МСАК субъектісі үшін тұрақты жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында белгіленетін түзету коэффициенті. Түзету коэффициентінің мөлшерін есептеу және оны бекітуді уәкілетті орган жүзеге асырады;

6) $V_{\text{экол-мсак}}$ – Арал өңірінің азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚР Заңы және ССЯП азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚР Заңына сәйкес облыс деңгейінде қалыптастырылатын, МСАК субъектісіне экологиялық апат аймақтарында жұмыс істегені үшін үстемеақы төлеуге көзделген қаражаттың жылдық көлемі;

7) $C_{\text{МСАК}}$ – "БХТ" АЖ-да тіркелген, МСАК субъектісіне бекітілген халықтың саны;

8) $V_{\text{мектеп-мсак}}$ – "Қазақстан Республикасында алғашқы медициналық-санитариялық көмек көрсетуді ұйымдастыру стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 3 ақпандағы № 85 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13392 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 85 бұйрық) сәйкес МСАК субъектісіне тіркелген интернаттық ұйымдарға жатпайтын орта білім беру ұйымдарында оқитындарға медициналық көмек

көрсету бойынша білім беру ұйымының медициналық пункті қызметіне байланысты республикалық бюджеттен бөлінген қаражат шеңберінде шығындарды өтеуге арналған ауыл субъектісі үшін көзделген қаражаттың жылдық көлемі;

9) $V_{\text{ЖК}_{\text{МСАК}}}$ – жіті сырқатынан немесе созылмалы аурудың асқынуынан туындаған, ағзалар мен жүйелердің кенеттен болған және айқын көрінетін бұзылуларсыз науқастың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндірмейтін пациенттің жай-күйі кезінде 4 жеделдік санаттағы шақыртуларға қызмет көрсету үшін тіркелген халыққа тәулік бойы шұғыл медициналық көмек көрсеткені үшін МСАК ұйымдарының қызметімен байланысты шығыстарға ақы төлеуге республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың шегінде өңірлер бөлінісінде көзделген жылдық қаражат көлемі;

10) $V_{\text{тамақ} \cdot \text{МСАК}}$ – "Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде азаматтарды, оның ішінде белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтардың жекелеген санаттарын амбулаториялық деңгейде тегін немесе жеңілдікпен берілетін дәрілік заттармен, медициналық мақсаттағы бұйымдармен және мамандандырылған емдік өнімдермен қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттардың және медициналық мақсаттағы бұйымдардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 29 тамыздағы № 666 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15724 болып тіркелген) сәйкес амбулаториялық деңгейде мамандандырылған емдік өнімдермен қамтамасыз етумен байланысты шығындарға ақы төлеуге республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың шегінде көзделген жылдық қаражат көлемі;

11) m – АЕК-ті қаржыландыру жүзеге асырылатын қаржы жылындағы айлардың саны;

12) ЖТКЖК – субъект бойынша халықтың медициналық қызметтерді тұтынуының жынысы-жасы бойынша түзету коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{ЖТК}_{\text{ЖК}} = \sum (C_{\text{ЖК } k/n} \times \text{ЖТК}_{\text{ЖК}(n)}) / C_{\text{субъект}}, \text{ мұнда:}$$

$C_{\text{субъект}}$ – "БХТ" АЖ-да тіркелген субъектіге бекітілген халықтың саны;

$C_{\text{ЖК } k/n}$ – n нөмірлі жастық-жыныстық топқа жататын k нөмірлі халықтың "БХТ" АЖ-да тіркелген жедел жәрдем көрсету субъектісіне бекітілген халықтың саны;

ЖТКЖК(n) – n нөмірлі жастық-жыныстық топтың Амбулаториялық-емханалық көмектің кешенді жан басына шаққандағы нормативін есептеудің кешенді формуласына кестеге сәйкес жынысы-жасы бойынша түзету коэффициенті.

ЖШН_{баз.ЖК(рк)} – түзету коэффициенттерін есепке алмай айқындалған, Қазақстан Республикасының аумағында бірыңғай болып табылатын, Кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган айқындайтын бір айда "БХТ" АЖ-да тіркелген бекітілген бір адамға арналған ЖК базалық жан басына шаққандағы норматив, және мына формула бойынша есептеледі:

$$\text{ЖШН}_{\text{баз.ЖК(кр)}} = \text{ЖШН}_{\text{орт.ЖК(кр)}} / \text{ЖТК}_{\text{кр}} + (K_{\text{тығыз.кр}} - 1) + (K_{\text{жылыту.кр}} - 1) + (K_{\text{ауыл.кр}} - 1),$$
 мұнда:

ЖШН_{баз.ЖК(кр)} – экологиялық апатты аймақтарда үстемеақы төлеуге арналған қаражатты қоспағанда, алдағы қаржы жылына ел бойынша айына бір тұрғынға шаққандағы ЖК орташа жан басына шаққандағы норматив, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{ЖШН}_{\text{орт.ЖК(кр)}} = (V_{\text{СП-кр}} - V_{\text{экол-кр}}) / C_{\text{кр}} / m,$$
 мұнда:

V_{ЖК(кр)} – халыққа ЖК көрсету үшін ел бойынша қаржыландырудың жоспарлы жылдық көлемі;

C_{кр} – халықты еркін бекіту науқанының нәтижесі бойынша немесе есепті кезеңнің алдағы қаржы жылына немесе қаржыландыру көлемін есептеу үшін пайдаланылатын айының соңғы күніндегі ахуал бойынша "БХТ" АЖ-да тіркелген, барлық МСАК субъектісіне бекітілген халықтың саны;

m – ЖК қаржыландыру жүзеге асырылатын қаржылық жылдағы айлардың саны.

2. МСАК субъектілері үшін Кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган түзету коэффициенттерін есепке алмай айқындаған, айына "БХТ" АЖ-да алдағы қаржы жылына тіркелген бір бекітілген адамға шаққандағы АЕК базалық кешенді жан басына шаққандағы норматив, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$KЖН_{\text{баз.МСАК}} = KЖН_{\text{баз.АЕК(кр)}} - KЖН_{\text{баз.АЕК(кр)}} \times \%КДК,$$
 мұнда:

1) KЖН_{баз.АЕК(кр)} – түзету коэффициенттері есепке алынбай айқындалған, Кодекстің 23-бабының 2-тармағына сәйкес уәкілетті орган айқындайтын айына "БХТ" АЖ-да тіркелген бір бекітілген адамға шаққандағы АЕК базалық кешенді жан басына шаққандағы норматив, ол мынадай формула бойынша есептеледі:

$$КЖН_{\text{баз.АЕК(кр)}} = \frac{КЖН_{\text{АЕК(кр)}}}{ЖТК_{\text{кр}} + (К_{\text{кр.тығыз}} - 1) + (К_{\text{обл.жыту}} - 1) + (К_{\text{ауыл.жыту}} - 1)},$$

мұнда:

$КЖН_{\text{кепіл.АЕК(кр)}}$ – экологиялық апатты аймақтарда үстемеақы және интернаттық ұйымдарға жатпайтын орта білім беру ұйымдарының білім алушыларына медициналық көмекке төлеуге қаражатты қоспағанда, алдағы қаржы жылына ел бойынша айына бір тұрғынға шаққандағы АЕК орташа кешенді жан басына шаққандағы норматив, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$КЖН_{\text{баз.МСАК}} = КЖН_{\text{баз.АЕК(кр)}} - КЖН_{\text{баз.АЕК(кр)}} \times \%КДК, \text{ мұнда:}$$

$V_{\text{АЕК(кр)}}$ – халыққа АЕК көрсету үшін ел бойынша қаржыландырудың жоспарлы жылдық көлемі;

$V_{\text{жнык_кр}}$ – республика бойынша ЖЫНК-қа республикалық бюджеттен бөлінген қаражаттың жылдық көлемі;

$V_{\text{экол-кр}}$ – "Арал өңіріндегі экология салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" (бұдан әрі – Арал өңірінің азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚР Заңы) 1992 жылғы 30 маусымдағы және "Семей сынақ ядролық полигонындағы ядролық сынаулардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы" (бұдан әрі – ССЯП азаматтарын әлеуметтік қорғау туралы ҚР Заңы) 1992 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес облыс деңгейінде қалыптастырылатын, МСАК субъектілеріне экологиялық апатты аймақтарда жұмыс істегені үшін үстемеақы төлеуге көзделген қаражаттың жылдық көлемі;

$V_{\text{мектеп_кр}}$ – № 85 бұйрыққа сәйкес МСАК субъектісіне тіркелген интернаттық ұйымдарға жатпайтын орта білім беру ұйымдарында оқитындарға медициналық көмек көрсету бойынша білім беру ұйымының медициналық пункті қызметіне байланысты республикалық бюджеттен бөлінген қаражат шеңберінде шығындарды өтеуге арналған ауыл субъектісі үшін көзделген қаражаттың жылдық көлемі;

$Скр$ – халықты ерікті бекіту науқанының нәтижесі бойынша немесе қаржыландыруды есептеу үшін пайдаланылатын айдың күніндегі ахуал бойынша "БХТ" АЖ-да тіркелген, барлық МСАК субъектілеріне бекітілген халықтың саны ;

m – АЕК-ті қаржыландыру жүзеге асырылатын қаржы жылындағы айлардың саны;

ЖТК_{кр.} – "БХТ" АЖ деректерінің негізінде ел халқының жыныстық-жастық құрылымы бойынша есептелген ел деңгейінде халықтың медициналық көрсетілетін қызметтерді тұтынуының жыныстық-жастық түзету коэффициенті;

$K_{\text{тығызд.кр}}$ – осы қосымшаның 4-тармағына сәйкес формула бойынша анықталатын ел бойынша халықтың орташа тығыздық коэффициенті;

$K_{\text{жылу.кр}}$ – осы қосымшаның 5-тармағына сәйкес формула бойынша анықталатын ел бойынша жылыту маусымының ұзақтығын есепке алудың орташа коэффициенті;

$K_{\text{ауыл.кр}}$ – ел бойынша ауыл аймақтарында жұмыс істегені үшін үстемеақыны есепке алудың орташа коэффициенті.

2) % КДК – МСАК субъектілеріне бекітілген халыққа консультациялық-диагностикалық қызметтерді көрсетуге арналған қаражат үлесі ;

3. ЖТК_{МСАК} – МСАК субъектісі бойынша халықтың медициналық қызметтерді тұтынуының жыныстық-жастық түзету коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{ЖТК}_{\text{МСАК}} = \sum(C_{\text{МСАК}k/n} \times \text{ЖТК}_{\text{МСАК}(n)}) / C_{\text{МСАК}}, \text{ мұнда:}$$

$C_{\text{МСАК}}$ – "БХТ" АЖ-да тіркелген, МСАК субъектісіне бекітілген халықтың саны;

$C_{\text{МСАК}k/n}$ – "БХТ" АЖ-да тіркелген, МСАК субъектісіне бекітілген халықтың саны n нөмірлі жыныстық-жастық топқа жататын халықтың k нөмірі;

$\text{ЖТК}_{\text{МСАК}(n)}$ – Амбулаториялық-емханалық көмектің кешенді жан басына шаққандағы нормативін есептеудің кешенді формуласына кестеге сәйкес n нөмірлі жыныстық-жастық топтың жыныстық-жастық түзету коэффициенті;

МСАК субъектісіне бекітілген халықтың саны мен халықтың жыныстық-жастық құрамы халықты ерікті бекіту науқанының нәтижесі бойынша немесе айдың соңғы күніндегі ахуал бойынша алдағы қаржы жылындағы АЕК көрсетуге арналған қаржыландыру көлемін есептеу үшін немесе уәкілетті органның шешімі бойынша ағымдағы қаржы жылы ішінде оны түзету үшін пайдаланылатын "БХТ" АЖ базасындағы халық бойынша деректердің негізінде айқындалады.

4. $K_{\text{обл.тығыз}}$ – осы облыс (республикалық маңызы бар қала және астана) бойынша халық тығыздығының коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$K_{\text{обл.тығыз}} = 1 + C \times T_{\text{ҚР хал/орта}} / T_{\text{обл.хал.}}, \text{ мұнда:}$$

C – облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) халқы тығыздығының орташа республикалық деңгейден немесе аудандардың халқы тығыздығының (облыстық маңызы бар қалалардың) орташа облыстық деңгейден ауытқуы есептелетін салмақ (Пирсон желілік корреляциясының коэффициентінің есебі бойынша);

$T_{\text{ҚР хал/орта}}$ – алдағы қаржы жылына арналған қаржыландыру көлемін есептеу үшін пайдаланылатын кезеңдегі ахуал бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің (бұдан әрі – Статистика комитеті) деректеріне сәйкес Қазақстан Республикасы бойынша халықтың орташа тығыздығы;

$T_{\text{обл.хал.}}$ – алдағы қаржы жылына арналған қаржыландыру көлемін есептеу үшін пайдаланылатын кезеңдегі ахуал бойынша Статистика комитетінің деректеріне сәйкес облыстағы (республикалық маңызы бар қаладағы және астанадағы) халықтың тығыздығы.

5. $K_{\text{обл. жылу}}$ – облыс (республикалық маңызы бар қала және астана) үшін жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті, ол мынадай формула бойынша айқындалады:

$$K_{\text{обл. жылу}} = 1 + Y_{\text{жылу}} \times \frac{(K_{\text{обл.}} - K_{\text{ҚР/орта}})}{K_{\text{ҚР/орта}}}, \text{ мұнда:}$$

$K_{\text{обл. жылу}}$ – облыс (республикалық маңызы бар қала және астана) үшін жылыту маусымының ұзақтығын есепке алу коэффициенті;

$Y_{\text{жылу}}$ – облыста (республикалық маңызы бар қалада және астанада) амбулаториялық-емханалық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің деректері негізінде өткен жылға облыс (республикалық маңызы бар қала және астана) бойынша ағымдағы шығындардың жалпы көлеміндегі жылытуға арналған шығындардың үлесі;

$K_{обл}$ – алдағы қаржы жылына арналған қаржыландыру көлемін есептеу үшін пайдаланылатын облыстың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) жергілікті атқарушы органы шешімінің негізінде айқындалған облыс (республикалық маңызы бар қала және астана) бойынша жылыту маусымының кезеңі;

$K_{ҚР/орта}$ – алдағы қаржы жылына арналған қаржыландыру көлемін есептеу үшін пайдаланылатын облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың және астананың) деректеріне сәйкес Қазақстан Республикасы бойынша орташа жылыту маусымының кезеңі.

Амбулаториялық-емханалық көмектің кешенді жан басына шаққандағы нормативін есептеудің кешенді формуласына кесте

Жыныстық-жастық түзету коэффициенттері

Жынысы	Ерлер	Әйелдер
Жасы	Жыныстық-жастық түзету коэффициенттері	
0-12 ай	4,82	5,52
12 ай - 4 жас	1,45	1,65
5-9 жас	0,96	0,99
10-14 жас	0,94	0,92
15-19 жас	1,02	0,83
20-29 жас	0,53	1,20
30-39 жас	0,413	1,21
40-49 жас	0,53	1,20
50-59 жас	0,48	1,11
60-69 жас	0,84	2,19
70 және одан артық	1,11	1,48

Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі шеңберінде және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде көрсетілетін медициналық қызметтерге арналған тарифтерді қалыптастыру әдістемесіне 2-қосымша

Амбулаториялық-емханалық көмектің кешенді жан басына шаққандағы ынталандырушы компонентін есептеудің кешенді формуласы

1. ЖБНЫК-ны есептеу реттілікпен мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1-қадам: республика деңгейінде айына бір тұрғынға есептегендегі ЖБНЫК-ның жоспарлы сомасын айқындау мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$V_{\text{жбнык_кр}} = C_{\text{кр_хал.}} * S_{\text{жбнык_кр}} * m_{\text{жыл.}}, \text{ мұнда:}$$

$V_{\text{жбнык_кр}}$ – республика бойынша ЖБНЫК-ны қаржыландырудың жылдық көлемі;

$C_{\text{кр_хал.}}$ – алдағы қаржы жылына арналған қаржыландыруды есептеу үшін пайдаланылатын айдың күнінде Статистика комитетінің деректері бойынша "БХТ" АЖ-да тіркелген халық санының деректеріне немесе "БХТ" АЖ-ның деректеріне сәйкес түзетілуі тиіс республика бойынша халық саны;

$S_{\text{жбнык_кр}}$ – 100 теңгеге тең 1 тұрғынға ЖБНЫК тіркелген мәні;

$m_{\text{жыл}}$ – ЖБНЫК сомаларын төлеу жүзеге асырылатын жоспарлы қаржы жылындағы айлардың саны.

2-қадам: өңір бойынша ЖБНЫК-ны қаржыландырудың жоспарлы жылдық көлемін айқындау мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$V_{\text{өңір жбнык}} = C_{\text{өңір хал.}} * S_{\text{жбнык_кр}} * m_{\text{жыл}}, \text{ мұнда:}$$

$V_{\text{өңір жбнык}}$ – өңір бойынша ЖБНЫК-ны қаржыландырудың жылдық көлемі;

$C_{\text{өңір.хал.}}$ – ағымдағы қаржы жылындағы бюджетті есептеу үшін пайдаланылатын, "БХТ" АЖ-да тіркелген, өңір бойынша бекітілген халықтың саны;

$S_{\text{жбнык_кр}}$ – 100 теңгеге тең 1 тұрғынға ЖБНЫК тіркелген мәні;

$m_{\text{жыл}}$ – ЖБНЫК-ны есептеу үшін жоспарлы қаржы жылындағы айлардың саны.

Айына өңір бойынша ЖБНЫК-ны қаржыландыру көлемі ЖБНЫК-ны есептеу үшін жоспарлы қаржы жылындағы айлардың санына бөлу арқылы айқындалады ($V_{\text{өңір жбнык.}/\text{ай}}$).

3-қадам: МСАК субъектісі үшін ЖБНЫК-ны қаржыландырудың жоспарлы жылдық көлемін айқындау мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$V_{\text{жбнык мұ жоспар}} = C_{\text{мсак}} * S_{\text{жбнкк_кр}} * K_{\text{мұ}} * m, \text{ мұнда:}$$

$V_{\text{жбнык мұ жоспар}}$ – МСАК субъектісінің ЖБНЫК-ны қаржыландырудың жоспарлы жылдық көлемі;

$C_{\text{мсак}}$ – халықты еркін бекіту науқанының нәтижелері бойынша немесе алдағы қаржы жылына арналған қаржыландыру көлемін есептеу үшін пайдаланылатын айдың күніндегі ахуал бойынша "БХТ" АЖ-да тіркелген, МСАК субъектісіне бекітілген халықтың саны;

$S_{\text{жбнык қр}}$ – 100 теңгеге тең 1 тұрғынға ЖБНЫК тіркелген мәні;

$K_{\text{мұ}}$ – 1,0-ге тең, ТМККК шеңберінде МСАК қызметтерін көрсету кешенділігіне МСАК-тың нақты субъектісінің сәйкес келу коэффициенті;

m – ЖБНЫК сомаларын төлеу жүзеге асырылатын жоспарлы қаржы жылындағы айлардың саны.

Айына МСАК субъектісі бойынша ЖБНЫК-ны қаржыландырудың жоспарлы көлемі ЖБНЫК-ны есептеу үшін жоспарлы қаржы жылындағы айлардың санына бөлу арқылы айқындалады.

4-қадам: есепті кезеңдегі МСАК субъектісінің деңгейіне дейін МСАК субъектісі жұмысының қол жеткізілген түпкілікті нәтижесі үшін ЖБНЫК сомасын есептеу төрт кезеңде жүзеге асырылады:

1-кезең: МСАК субъектісінің есепті кезеңдегі түпкілікті нәтиже индикаторларының нысаналы мәніне қол жеткізуін бағалау (Σ

Σ

ИКК):

МСАК субъектісі жұмысының қол жеткізілген түпкілікті нәтижелерін бағалау индикаторларының (бұдан әрі – түпкілікті нәтиже индикаторы) нысаналы мәнін айқындау мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$M = Ид - Ид \times N$, мұнда:

M – есепті кезеңде қол жеткізілген түпкілікті нәтиже индикаторының нысаналы мәні;

$I_{\text{д}}$ – өткен есепті кезеңде қол жеткізілген түпкілікті нәтиже индикаторының деңгейлес мәні өңірлермен келісім бойынша уәкілетті органмен белгіленеді және Амбулаториялық-емханалық көмектің кешенді жан басына шаққандағы нормативін есептеудің кешенді формуласына 1-кестеге (бұдан әрі – 1-кесте) сәйкес аумақтық учаскелер бейіндерінің бөлінісінде МСАК субъектілері үшін ең жоғары мүмкін балдар кестесіне сәйкес есептеу әдісі бойынша есептеледі;

N – өңірлермен келісім бойынша уәкілетті орган белгілейтін есепті кезең қорытындысы бойынша түпкілікті нәтиже индикаторларын жақсарту жөніндегі болжалды әсер. N -ды белгілеу кезінде мыналарды есепке алу қажет:

1) егер N түпкілікті нәтиже индикаторының деңгейлес мәнінің төмендеуін белгілесе, онда N оң мәнде қолданылады ($N_{\text{төмен}}$);

2) егер N түпкілікті нәтиже индикаторы мәнінің ұлғаюын белгілесе, онда N теріс мәнде қолданылады ($N_{\text{жоғар}}$);

3) егер түпкілікті нәтиже индикаторының нысаналы мәніне белгілі бір мәнде қол жеткізілуі тиіс болса, онда $M = N$.

Есепті кезеңдегі МСАК субъектісі жұмысының қол жеткізілген түпкілікті нәтижелерін бағалау индикаторларының ағымдағы мәнін айқындау мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) "Медициналық-санитариялық алғашқы көмек тарифіне қосымша компонент" (бұдан әрі – "ЖБНҚК" АЖ) ақпараттық жүйесінде түпкілікті нәтиже индикаторларын қалыптастыру:

Амбулаториялық-емханалық көмектің кешенді жан басына шаққандағы нормативін есептеудің кешенді формуласына 2-кестеге (бұдан әрі – 2-кесте) сәйкес медициналық-санитариялық алғашқы көрсететін денсаулық сақтау субъектілері жұмысының қол жеткізілген нәтижелерін бағалау индикаторына сәйкес "БХТ", "ОНЭТ", "Медициналық қызметтердің сапасын басқару жүйесі", "Диспансерлік науқастардың электрондық тіркелімі" және (немесе) "Туберкулезбен ауыратын науқастардың ұлттық тіркелімі" ақпараттық жүйелері дерекқорларының (бұдан әрі – дерекқор), сондай-ақ медициналық қызметтер көрсету саласындағы мемлекеттік бақылау нәтижесінің негізінде;

ай сайын автоматтандырылған режимде дерекқордағы деректерді жаңартудың күн сайынғы мерзімділігімен;

дерекқордағы деректерге сәйкес келетін толық көлемде;

нақты жүзеге асырылады, яғни жүктелім 2-кестеде айқындалған талаптарға және Амбулаториялық-емханалық көмектің кешенді жан басына шаққандағы нормативін есептеудің кешенді формуласына 3-кестеге (бұдан әрі – 3-кесте) сәйкес медициналық-санитариялық алғашқы көрсететін ұйымы жұмысының қол жеткізілген нәтижелерін бағалау индикаторларын есептеу кезінде есепке алынатын Халықаралық аурулар жіктелмесінің Кодтар тізбесіне сәйкес жүзеге асырылған;

2) есепті кезеңдегі түпкілікті нәтиже индикаторлары бойынша ағымдағы мәнді (I_a) есептеу дерекқорлардан жүктелген деректердің негізінде "ЖБНҚК" АЖ-да автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады және мынадай формула бойынша айқындалады:

$$I_a = C_a / C_0 \times N_{\text{и}}, \text{ мұнда:}$$

I_a – есепті кезеңдегі түпкілікті нәтиже индикаторлары бойынша ағымдағы мән;

C_a – 2 және 3-кестелерге сәйкес айқындалған талаптарға сәйкес есепті кезеңдегі түпкілікті нәтиженің нақты индикаторын есептеу үшін алым бойынша біріктірілген сандық деректер;

C_b – 2 және 3-кестелерге сәйкес айқындалған талаптарға сәйкес есепті кезеңдегі түпкілікті нәтиженің нақты индикаторын есептеу үшін бөлгіш бойынша біріктірілген сандық деректер;

N_i – 2-кестеге сәйкес айқындалған түпкілікті нәтиженің нақты индикаторын есептеу бірлігінің мәні.

"Жоқтық" деген болжалды әсері бар индикаторлар ерекше болып табылады. Осы индикаторлар үшін есепті кезеңдегі түпкілікті нәтиже индикаторлары бойынша ағымдағы мән (I_a) мынадай формула бойынша айқындалады:

$$I_a = C_a, \text{ мұнда:}$$

I_a – есепті кезеңдегі түпкілікті нәтиже индикаторлары бойынша ағымдағы мән;

C_a – 2 және 3-кестелерге сәйкес айқындалған талаптарға сәйкес есепті кезеңдегі түпкілікті нәтиженің нақты индикаторын есептеу үшін алым бойынша біріктірілген сандық деректер.

Балдармен есепті кезеңдегі МСАК ұйымдары жұмысының қол жеткізілген түпкілікті нәтижесін бағалау реттілікпен мынадай тәртіппен орындалады:

1) балдармен ең жоғары балға қатысты нысаналы мәніне қол жеткізу деңгейін көрсететін түпкілікті нәтиже индикаторының келтірілген көрсеткіші (ИКК) мынадай формула бойынша есептеледі:

Нтөмен-дегі нысаналы мән (M) белгіленген түпкілікті нәтиже индикаторы үшін:

$$ИКК = M \times ИЖК / I_a, \text{ мұнда:}$$

ИКК – түпкілікті нәтиже индикаторының келтірілген көрсеткіші (бұдан әрі - нақты балл);

I_a – есепті кезеңдегі түпкілікті нәтиже индикаторлары бойынша ағымдағы мән;

ИЖК – түпкілікті нәтиженің нақты индикаторы бойынша балдың ең жоғары мәні;

